

ЖАРКЕНТ

Айнасы

№17 (19), 14 қыркүйек, сенбі, 2019 жыл, jar-aina@mail.ru



ЕРЛІКТІ ЕЛГЕ ПАШ ЕТКЕН...



Жалғасы 2-бетте

Құрметті аудан жұртшылығы! «Жаркент айнасы» газеті жарыққа шыққалы көтеріп келе жатқан өзекті мәселесінің бірі – елдің, жердің тарихына қатысты дүниелерді тауып, анықтап, жазып, жарияланым арқылы қалың оқырманға таныстыру. Жаркент аймағы ежелгі дәуірден адам баласы мекендеген аймақ. Мұнда тас дәуірінің, сақтар, үйсіндер, көне түркі кезеңінің, қазақ хандығының ескерткіштері сақталған тарихи жәдігерлері мол жер. Ортағасырлық Іле-Балық (2016, 2018 ж. қазба жұмыстары жүргізілді), Түргенкент, Ақкент, Дөңгене, Жыңғылды сияқты қалалардың орны, тарихи-археологиялық мұрасы баршылық. Бұл жөнінде «Жаркент айнасы» газетінің (12.05.2019 ж) бұрнағы нөмірінде жарық көрген «Жаркент өңіріне тарихи-өлкетану мұражайы керек пе?» деген мақаламызда толық келтіргенбіз. Осы жоғарыдағы айтылған дүниелердің тозып, жоғалып кетпесі үшін сол тарихи орындардан табылған археологиялық жәдігерлерді сақтау әрі халық игілігіне жарату үшін Жаркент қаласынан тарихи-өлкетану мұражайын ашу жөнінде жоғары билік орындарына хат жазып, конференция ұйымдастырып, көпшілікпен ой бөліскен едік. Міне бүгіндері осы ұсынысымыздың шешімі ретінде Жаркент қаласындағы «Жауынгерлік Даңқ музейі» алдағы уақытта Жаркент Тарихи-өлкетану мұражайына айналмақ. Мұражай жұмысына табыс тілей отырып, аудан жұртшылығынан қолдарыңызда ежелгі дәуірден сақталып келе жатқан археологиялық, тарихи, тұрмыстық-этнографиялық, мумизматикалық, әдеби (көне қолжазбалар) жәдігерлер болатын болса мұражайға әкеліп, арнайы хаттама арқылы өткізулеріңізді өтінеміз. Бұл біздер мен біздің ұрпақтарымыздың өз жерінің тарихын біліп, оны қорғайтын ұлтжанды азамат тәрбиелеуімізге ықпал етері сөзсіз.

Мұражай адресі Жаркент қаласы, Қастеев көшесі 12 үй.

БАСПАСӨЗ – 2020

Құрметті «Жаркент айнасы» газетінің оқырмандары! Алдағы 2020 жылға газетке жазылу маусымы басталды. Газетімізге жазылып, ерлікке толы еліміз бен жазиралы жеріміздің, өңірімізден өткен баһадүр батырлар мен от ауызды билердің, орақ тілді ақындардың, елге билік жүргізген болыстардың, өмірі өнегеге толы өнер адамдары мен өлкемізден шыққан даңқты тұлғалардың тарихынан хабардар болыңыз. Газетімізде Сіз үшін құнды, тың мақалалар жариялауға тырысамыз. Жазылу «Қазпоштаның» барлық бөлімшесінде жүргізіледі. Индексі – 65161.

Қазақ өнерлі халық. Өнер атаулының ішінде ұлт сөзге жетік қазақтай ұлт жоқтың қасы. Оның ішінде айтыс қызыл тілдің майын тамғыза өзгеше бір мақаммен, домбырамен, қобыз, сырнаймен қосылып орындалатын синкреттік өнер болса, билер шешімі алқалы топтың алдында әділдіктің ақ туын көтеріп кесік айтуы, қарсы келгенде жұпталған сөзін жұдырықтай жұмыр етіп абайламай айтатын сұңғыла шешендер тоқсан түйінді толғауды тебіреніп жырлайтын жыршылар шоғыры біртөбе. Бірі арқаланып Алтайдан шықса, енді бірі буырқанып Баянауылдан, Батыстан жан жылытар жайлы жырларымен Жетісудан, қос ішектей тартылған қос өзеннің бірі сырлы Сырдариядан көрінген «Жетісу – жердің құты, Жаркент – ананың сүті». Жер- Ана оның ішінде Жаркент жері де өмірге әнші, жыршы, күйші, ақындарды туғызған қасиетті мекендердің бірі. XIX ғасырдың ішінде небір сөзге майталман Дөнен би, Қожбанбет би сияқты тікке айтып тіліп тастап, қарсыласының тілін тістетін шешендерді берген, Бұқамолда (Құдайбердіден шыққан), Жақсыбай ақын (руы Мырзақелді), Шаншар, Одаман ақындар талай-талай намысты топқа түсіп, елдің, жердің абыройын қорғағандарды туғызған. Бір де Еңбекші ауылына барғанымда ауыз әдебиетінің жанашыры Айдар Нұрпейісұлымен әңгімелесіп отырып, Бұқа молда мен Жақсыбай молданың арасындағы сөзқағысын естіп жазып алдым. Бұл сөзқағысын кезінде Суанның игі жақсылары басқосу, отырыстарында айтып жүреді екен. Бұқамолда мен Жақсыбай молда Бұқараның Көкілташ

медресесінде оқып бітіріп, арабша бала оқытып, елді сауаттандырумен айналысқан. Екеуі де ақын, сөзге шебер болған адамдар. Бірде жайлау жақта Суанның атақты бір адамы қайтыс болып, жаназасын Жақсыбай молда шығарыпты. Қайтар жолда Белжайлаудағы тар кезеңде хабар кешігіп жетіп, қайтыс болған кісінің жаназасына үлгермесе де, көңіл айтуға келе жатқан Бұқа молдамен кездесіп қалады. Амандаса сала, сөзбен қағыса кетеді. Сонда Бұқа молда Жақсыбайға қарап: Ассалаумағалейкум, Жақсыбайым, Аңқау елге арамза бақсыдайын. Пітірі мен підиясын жалғыз алып, О дүниеге барасын ба, жақсыдайын?! – дегенде Жақсыбай да жұлып алғандай: Уғалайкумсалам, Бұқа молда, Бұқа молда ақылы жұқа молда. Кешігіп келе жатқан өзіңнен көр, Былай жүр, көлденеңдеп тұрма жолда, – деп жауап қайтарыпты. XIX ғасырдың орта кезінде Жаркент өңірінің Бұрқан маңында туылып, кейін тағдырдың тәлкегімен Қытай жеріне ауып, сол жақта өмірден озған көрнекті ақындардың бірі Әбіләкім молда (руы Молақ). Қазіргі кезде Пенжім ауылында тұратын жасы тоқсанның төртінен асқан Нұрғали қарияның айтуы бойынша Әбіләкім молда Қытай жерінде жүргенде ел арасында ақындығымен аты шығып, көпке танымал болған. Өлеңдерінде қоғамда болған өзгерістерді кейбір әділетсіздіктерді көріп, өлеңіне арқау еткен. Шыңжаң губернаторы Шың Шы Сай 1933 жылдың аяғынан бастап қазақ зиялыларын қудалай бастағанда, мыңдаған жазықсыз айтулы адамдар тұтқындалып, түрмеге түседі. Атақты

Таңжарық Жолдыұлы, Иса Тергеусіз, Ибрагим Жайнақовтар бар. Солардың қатарында Әбіләкім молда да болған. Нұрғали қарияның айтуы бойынша: Дүние бір қисық жол бұраңдаған, Бақ тайса, басқа дәулет құралмаған. Қу бастай ит мұжыған домалаңдап, Бұл заман қайдан келді сұралмаған, – деген өлең жолдары үшін Қытай өкіметі ұстап әкетіп, түрмеде өлді дейді. Нұрғали Нұрпейісұлында Әбіләкім молданың Қытай жерінде шығарылған кітабы, бәйіттері болған екен. Кейіннен оқып көрейін деп алған адамдар қайтыс болып кетіпті. 2018 жылы шілде айында Нұрғали Нұрпейісұлынан жазып алынған өлең жолдары ақынның өмірді терең түсінетін адам екенін байқауға болады. Дүние бір көшкен керуен, Дүние қызық қалдырып, Асамыз өмір белінен. Кісі лебіз шықса жок, Қауіп етіңдер өлімнен. Дәулетіңнен не пайда? Таусылмастай көрінген. Жалғыз мұраң сол болар, Қол қайырың берілген. Басқа дүние бәрі де, Көмілмес бірге кебінмен. Қылған қайыр болмаса, Не әкетесің өмірден? Адам пенделіктен бір сәт арылып, айналаласындағы жандарға қайырымды, мейірімді болуын ескертеді. Енді бір өлеңінде жақсы мен жаманды талдауға түсіреді. Өзінен бұрынғы өткен ақындардың тәлім беретін термелеріндей толғайды. Мына өлең шумағын мен 1997 жылы Басқұншы ауылындағы Әбдіманап қариядан жазып алған едім.

Атыңның жаман болғаны, Қамшыңның ұшы кеткені. Қатынның жаман болғаны, Келген қонақ кеткені. Қызыңның жаман болғаны, Жетесіне жеткені. Ұлының жаман болғаны, Ғұмырыңа кеткені. «Әттең!» деп дүние өткені – дегенінде ақын сол кездегі адамдар арасындағы болымсыз нашар мінез-құлықты айтып қана қоймайды, оның түптің түбінде ұрпаққа тигізер кеселінде айтып өтеді. Ел арасында біздерге белгісіз әлі де болса, ауыздан ауызға беріліп келе жатқан өлеңдері табылса, мақаламыз шыққаннан кейін хабарласар деген үміттеміз. ҚХР-да басылып шыққан жыр жинағы қолымызға тисе, арабадан аударып, көпшілікке таныстырамыз. Біз төменде газетімізге беріп отырған «Әтіке-Нұржеке» толғауын 1986 жылы ҚХР-дағы «Мұра» журналы тұңғыш рет жариялаған екен. Кейіннен «Жалын» баспасы біршама толықтырып, 1993 жылы «Алмас қылыш» атты кітапқа шығарған. Толғаудың Әбіләкім молданыкі екенін зерттеп, дәлелдеуші араб тілінің жетік білгірі, филология ғылымдарының докторы, ақын, жазушы Сәрсенбі Дәуітов. Жарияланым елдің, жердің тарихын түгендеушілердің көңілдерін ата-баба тағдырына қарай бұрып, жауапкершілікпен қарап, жастарды туған елді, жерді қалай қорғауға үйретеді екендігін көрсеткіміз келеді.

«Жаркент айнасы» газетінің
Бас редакторы Молот
СОЛТАНАЕВ

(Басы 1-бетте)

ӘТІКЕ-НҰРЖЕКЕ

(толғау)

Молдалар хат жазғалы қалам алған,
Батыр жоқ Әтікедей қасиет қонған.
Бұрынғы пайғамбардан қалған үлгі,
Жақсының өзі өлсе де, аты қалған.

Айтамын атақты ердің әңгімесін,
Жақсының өзі өлсе де, сөзі өлмесін.
Алладан шыныменен нәубет келсе,
Ап жүрер жерге қоймай кім денесін?

Әдептен артық сөйлеп мен озбайын,
Азырақ арыстаннан сөз қозғайын.
Сәл ғана құлақ салып, тыңдаңыздар,
Шұбыртып, шұбалатып, көп
созбайын.

Олжа алған күнде шауып, ер Әтікей,
Суанның бала тумас, сірә сендей.
Бой бермес мың кісіге көкжал едің
Тағдырдың жазуын-ай өмір бермей.

Шұбырып күнбатыстан кержақ
келген,
Келгенге ең шұрайлы жерді ап
берген.
Қызынып, қаны қайнап Әтікенің,
Жинаған ел ішінен өңкей мерген.

Қасында Нұржеке мен Есімбек бар,
Оларға Жаппар ие – бір Алла жар.
Жамылып көк бөрілер жазда
жапырақ,
Жортады төсеніш қып қысында қар.

Ауылға «қара шекпен» жолатпайды,
Базаршы, жүргіншіні тонатпайды.
Суанның малы еркін жайылады,
Құсы да тыныш қана қонақтайды.

Елігі тау басынан үріккен жоқ,
Ен жайлап, жамағаттың көңілі тоқ.
Батырға бір де бірі дарымайды,
Өтірәт қанша шығып, жаудырса да оқ.

Әтіке көп ләскерді талқандайды,
Бедеуін үй сыртына арқандайды.
Майырлар ел басшысы Әтікені,
Қолға бір түсіруді армандайды.

Құдасы Әтікенің Тоғай еді,
Көңілі екеуінің балдай еді.
Арасы сондай тату шын достықтың,
Қыл өтпес бірге туған жандай еді.

Майырлар шақырып ап,
Торғайға айтты.
Тапсырып, қадап-қадап арнай айтты.
Көпсітіп көп сыйлықпен көтермелеп,
Артынан бірер жеті қалмай айтты:

– Бересің тездеп ұстап Әтікені,
Осы жұрт оны сенің досың дейді.
Бізге әкеп басын оның берер болсаң,
Түйіні қай мәселе шешілмейді.

Береміз үйіп-төгіп алтыннан да,
Байлығы өкіметтің сарқылған ба?!
Жоқ әлде, шыныңды айтшы,
не тілейсің,
Қоятын басқа бізге шартың бар ма? –

Дегенде Торғай басын көтереді,
Бір сайтан алға оны жетеледі.
Майырға уәде етіп апыл-ғұпыл,
Тұрды да орнынан, кете берді.

Келді де бәйбішеге ақыл салды,
Қатыны қия алмады жақын жанды.
Сонда да көнбей жүріп көндірді ғой,
Қандай күш тоқтатады сатылғанды.



Әтіке батыр



Нұржеке батыр

Дұшпанның айтқандай қылады енді,
Қан жауып кеткен сынды құба белді.
Ор қазып, жасырынып жатқан
ләскер,
Сәтінде мылтық кезеп шыға келді.

Бедеуге қарғып мініп, ағындады,
Үстіне ақша бұлт жамылғаны.
Төбеде Алла жалғыз, төменде Әтіке,
Сүйер жан тар қолтықтан табылмады.

Оқ тиді оңды-солды бар жағынан,
Жоңғарға қарай шапты қар
жамылған.
Қоштаспай ел-жұртымен еңіреді,
Бір ауыз сөз естімей жан-жарынан.

Әтіке ұйықтап жатып түс көреді,
Түсінде бір ғажайып іс көреді.
Қолынан ақ алмасын жұлып алып,
Бір дию оны теңдей үш бөледі.

Оянып, әрлі-берлі көп жүреді,
Ауырған екі ұлына елжіреді.
Түсін жорып, баласын емдетуге,
Тәжібай тәуіпті тез келтіреді.

Алладан басқа жанға табынбаған,
Байға да, бағыланға да бағынбаған.
Хан, қара тірі жанды көзге ілмеген,
Қазақтың қара тілі ағындаған.

Бір қарап Тәжібайға сәлем берді:
– Мен өзім бір Аллаға сенем, – деді.
– Дерт мендеп екі ұлым жатып қалды,
Шипасы бұл сырқаттың неден? –
деді.

Болғалы мен Әтіке талай болды,
Өзіме талай жігіт малай болды.
Түсімде қылышым үшке бөлініпті,
Аяғы бұл сұмдықтың қалай болды?

Осы екі бұйымтайым, ойластырғын,
Сен едің жастайымнан сыйлас
құрбым.
Егер де екі балам тұрып кетсе,
Беремін сұрасаң да ердің құнын.

Тәжібай томсарады, үндемейді,
Көңілің құмалаққа бұр демейді.
Жақ ашпай, жабырқаумен үйден
шықты,
Қойғандай бірақ жұтып
тіл-көмейді...

Әтіке қайтып одан сұраған жоқ,
Ширатып қыл бұраудай бұраған жоқ.
Тәуіптің қабағынан шошып қалды,
Кеткен оның үнсіз ұнаған жоқ.

Әтіке, атқа мініп, шықтың былай,
Жаратқан бәрімізді Жаппар Құдай.
Бас болған мың сан елге,
жолбарысым,
Тар жерде оққа ұшып қалғаныңды-ай!

Мықты боп шығып едің Бәйтүгейден,
Келеді айтсам кеңес тіл-көмейден.
Жақының аңдымаса дұшпан болып,
Арманда жалғыз оқтан өлер ме ең
сен?!

Арманда қалдың мынау Қарашатта,
Өзіңдей хат жаза алмай азаматқа.
Байтаққа қызмет қылған сендей
жігіт
Лайық отыруға алтын тақта.

Өзіңнің Суан еді асыл тегің,
Өлерде жауға кетті қайтпас кегің.
Дұшпанға кетпес еді сенің кегің,
Қасыңда бірге болса Есімбегің.

Ер болып туып едің Қазақбайдан,
Атыспай, арманда өлдің Қарасайдан.
Ажалың жалғыз оқтан келгеннен
соң,
Көресің елден несін, іс Құдайдан.

Қазақбай – әкең аты, анаң – Қойке,
Жаның жайлау, ел десе көңілің ерке.
Жиылған қара қалмақ, қалың шерік,
Кіретін ерегессе қара жерге.

Әтіке – сенің атың, атаң – Сатай,
Қалдайдың алдың малын жіпке матай.
Мың күнгі атқа мініп көрген қызық,
Болмады-ау өлеріңде бір сағаттай.

Санында сұр жорғаның қытай таңба,
Жылайсың жақыныңнан айрылғанға.
Сәлем айт жан жолдасы Есімбекке,
Қайран ер батып қалды қызыл қанға.

Шарықтап шыққан талай батыр атың,
Жаншыдың дұшпаныңды,
қалтыраттың.
Қорғастан төмен шығып келе
жатсаң,
Кез бопты ажалыңа екі қатын.

Жасынан атқа қонған қаруланып,
Жүріпті мың кісілік бағаланып.
Талқандап сан ләскерді жүрген ерің,
Кетіпті жалғыз оқтан дүние салып.

Қорқытып асып алған қарулардан,
Қайратың артып еді-ау талай жаннан.
Төресін сібе, қытай тонасаң да,
Ине-жіп алғаның жоқ мұсылманнан.

Іс қылсаң жарасады-ау ысылғанда,
Әркімге құдай пана қысылғанда.

Дұшпан боп ағайының ұстап берді,
Жоқ еді еш зияның пұсырманға.

Еркелеп шығып едің Бәйтүгейден,
Ақылды қариялар күнде есейткен.
Жақының жаулық қылып аңдыған
соң,
Көз жұмдың оқтан ауыр қайғы-
дерттен.

Орынды ойып алдың Әпсүгірден,
Олжа алып, оза шауып талай елден.
Өшеді-ау өлгеннен соң қайран атың,
Бар еді қасиетің құдай берген.

Қор болып қалғаның ба Қарашатта,
Аға-іні, сәлем айтпай азаматқа.
Жігіттер, Әтікеге ұқсасаңдар,
Күндіз-түн қызмет істе, қарап жатпа.

Әтіке – өзің атың, анаң – Қойке,
Шипа жоқ Алла берген ауыр дертке.
Жабылып қытай, қалмақ, қалың
кержақ,
Атысып қыла алмаған ол да ештеңе.

Белгілі шыққан тегің Қазақбайдан,
Алашқа жастайынан атын жайған.
Алладан ажал – тағдыр тура келді,
Бола ма бұған енді амал-айлаң?!

Атса да оқ ажалсыздан өтпейді екен,
Өлімнен пенде қашып кетпейді екен.
Дүние үшін ағайынмен араз болма,
Құрғырдың түбіне ешкім жетпейді
екен.

Әтіке, жиырмада атқа қондың,
Он үш жыл оттай лаулап қызық
көрдің.
Біз түгіл, пайғамбардан қалған үлгі,
Қаларын сұм жалғанның ақыр
білдің.

Қызықты, о, дариға, жиырма бір,
Жоқ еді өлем деген жаныңда кір.
Бір басың мың кісілік сұңқар едің,
Қалыпты жалғыз оқтан шіркін көңіл.

Жігітке, о, дариға, жиырма екі,
Кеткендей тұманданып жердің беті.
Артыңнан сенен қалған
ұрпағың бар,
Ішінде Әтікенің кетті-ау дерті.

Омыраулап келіп едің жиырма үшке,
Бір қатын жолықтырды қиын іске.
Көңілі естіген жан жұбана ма,
Қылығы Торғай туыс түссе еске?!

Жігітке, о, дариға, жиырма төрт,
Жанады жау дегенде іштегі дерт.
Тар жерде арманда өліп
қалғаның-ай,
Қатынның алдауын-ай бір қара бет.

Жігіт ке, о, дариға, жиырма бес,
Ойлаушы ең келер күнді ертелі-кеш.
Алашқа болып еді жаның жалау,
Апырым-ай, болғаны ма еңбегің еш?!

Жігітке, о, дариға, жиырма алты,
Сөзіңнің сенің айтқан бар ма қалпы!
Артыңда құлындарың жас
қалғанмен,
Аталар елі барда ердің аты.

Әтіке, аты шулы батыр едің,
Еліңе олжа салып жатыр едің.
Қолыңа қару болса, қаһарланып,
Атысып, армансыз боп өтер едің.

Келіп едің жиырма сегіз жасқа.
Жарасар айтқан назын қарындасқа.
Көре алмай анаңды сен,
арман болды,
Кімің бар, жаны ашитын,
онан басқа?!

Ақырып шықтың жиырма тоғыз жасқа,
Өткіздің қылышыңды қара тасқа.
Жүйріксің жастай алған бас бәйгені,
Өзіңдей олжа салған замандасқа.

Орғытып жетіп едің отыз жасқа,
Дұшпанның жонын тіліп, алдың таспа.
«Аман бол, қара қазақ, қайран елім,
Жарасам арман бар ма
ақсарыбасқа?!» –

Дедің де, бұл жалғаннан өтіп кеттің,
Көзіңнен моншақ-моншақ жасты
төктің.
Мен байғұс арманыңды жеткізе
алмай,
Қанша күн қалам ұстап қайғы
шектім...



АЛҒЫСЫМЫЗ ШЕКСІЗ!



Менің өмірімнің ең нәрлі де, әрлі кезеңі студенттік жылдарым. Менің деймін-ау, студенттік өмірді бастан кешкен әр адам менімен келісер деп ойлаймын. Әке-шешенің арқасында, Алматы шаһарының ортасында, ойнап-күліп, білмей-біліп жүрген жылдарымыз қандай еді шіркін! Балдай еді-ау! Әрине, қиындығы да көп болды. Алайда, сол қиындықтарды біздің жастық жігеріміз, өмірге деген ынтықтығымыз бен құлшынысымыз екінші орынға ысырып тастайтын. Бірінші орында көрсем, білсем, үйренсем, танысам, тапсам деген құмарлық тұратын.

Үшінші курста үйлендім. Әке-шешем «шыдай тұр» деді. Шыдамадым. Мектептің тоғызыншы сыныбынан өзіме икемдеп, өзіне тартып тұратын бір сүйкімді қыз бар еді. Алыста жүріп сағынғаннан ба ойымнан шықпайтын болды. Үйлендім. Оқуымды аяқтауға бір-ақ жыл қалған. «Бір жылға биттің қабығы да шыдайды» деген мәтелден сүйеніш таптым. Үйлен деді жүрегім, орындадым жүрегімнің тілегін. «Үйлену – оңай, үй болу – қиын» деген халық даналығы санама содан кейін жетті. Оқудан кейін жатақханада шалқайып жататын басым, енді Көкбазардағы «жетім бұрыштың» жетімегіндей шыр айналып пәтер іздедім, жақсылықтан күдерімді үзбедім. Өйткені жанымда сүйкімді жарым, жүрегімде тау қопарар жалын бар еді. Жалындап жүріп айналасы төрт-бес айда екі пәтердің басына су құйдық. Біреуі қуықтай ғана тар еді, екіншісінің жолы түрменің жанынан өтетін. (Сейфуллин көшесіндегі) Келіншегім ауыраық, қорқып қала ма дедім. Сонымен тағы да «жетім бұрышта» телміріп тұрғанымызда жұбайым бір әдемі келіншекпен шүйіркелесе кетті. Келістік.

Екеуіміздің қолымызда екі-ақ чеходан. Көкбазардың шығыс тұсындағы «Коперника – 100» деген үйге келдік. Суретші болсам да сөзге үйірсек жас ақынмын ғой, хозайкамыздың сөздері мені үйіріп әкетті. Есімі Күміс екен. Атына заты сай, күмістей жалт-жұлт еткен сөзі де, өзі де тартымды жан біздей ауыл баласына бірден ұнап сала берді. «Түсі жылыдан түңілме!» Түңілмедік.

Күміс жеңгемізді төтелеп жүріп пәтерге орналастық. Екі бөлме. Өз үйім – өлең төсегім! Мәзбіз. Әсіресе алдыңғы пәтердің иесін ұнатпаған келіншегіме үй де, үй иесі де қатты ұнады. Құбірлесе жүріп күлісіп, танысып-білісіп жайнап шыға келді. Өз басым үй иесі Мамытбек ағамен ол кезде де, кейін де шүйіркелесіп, жөн сұрасыпаған екем. Тіпті, жазушы екенін де кейін, ауылда жүріп білдім емес пе. Ол кісі де менің ақын екенімді ол кезде білмеген шығар деп ойлаймын. Өйткені ол кезде мен Абай атындағы қазақ педагогикалық институтының көркемсурет-графика факультетінің студенті едім ғой. Аға мені сол саланың адамы деп біліп, менімен онша әуестігі болмаған болар мүмкін...

Сонымен 1974 жылдың қыркүйек айының орта шенінде біз жазушы Мамытбек Қалдыбаевтың «көршісі» болып орналастық. Бір аптадан кейін біздің жанымыздағы екі бөлмелі пәтерге Базарбай мен Мараш есімді жас жұбайлар көшіп келді. Олармен бөлмелеріміз бөлек болғанымен, шатырымыз бір. Өзіміз құраллы жастармен тіл табысып, туыстай араластық. Екеуіміздің де жұбайларымыз ай-күніне жетіп отырған, көп ұзамай босанып қыз тапты. Балалардың арасы бір-ақ апта. Біз тұңғышымызға Құралай деп, олар Гүлнар деп ат қойды. Біздің тәлейімізге бұлар да бір жақсы адамдар болып шықты. Күміс тәтеміз екі келінін аялап, кейде пештің отын да өзі жағып қоятын. «Тәте, қойыңыз, өзіміз жағамыз ғой» десем:

- Әдірмеқалғар, оған менің ештеме де кетпейді. Сәбилерге жылы болсын деймін. Ауырып қалмаса болды. Сендер болсаңдар оқу деп шапқылап кетесіңдер, жас босанған келіндер от жаға алмайды. Бөпелер біраз ширасын, - дейтін жәйбаракат (Қай студенттің хозайкалы осындай еді, айтыңдаршы?).

Келіншегіміз байқауынша Күміс тәте бізге көбірек алаңдайды екен. Ол кісінің қызы Зәмира мен ұш жасар ұлы Азамат «живая кукла» деп Құралаймен ойнауға құмар еді. Ол кездегі келіншек бүгін кемпір. Сол кемпірім екеуіміз Мамытбек аға мен Күміс жеңгеміз есімізге түскенде «қайран сол күндер-ай!» деп күрсініп аламыз. (Жастық шағымызды аңсағанымыз шығар). Жұбайым айтады:

- Күміс тәте өте мейірімді, бауырмал жан болды. Пәтерімізге ауылдан достарымыз көп келуші еді ғой, есінде ме? Бірі кіріп, бірі шығып жататын. Кейде топырлап қонып та қалатын. Басқа пәтер иелері сияқты, «бұлар неғып жүр, неге қондырасыңдар» деп бір рет те қабақ шытып көрген жоқ.

Ол кісі сондай-ақ керемет ісмер еді. Тіккен көйлектері көздің жауын алады. Ательең далада қалсын, (тәтеміз өзі де сол кезде ательеде жұмыс істейтін) – дейтін аузының суы құрып. Ал Мамытбек аға үйде болғанда (ол кісілердің үйлері есік алдында бөлек, біз уақытта тұрамыз) өзінің жұмыс бөлмесінен көп сыртқа шықпайтын. Бір жұмыспен кіре қалсақ ылғый жазу үстелінде бас алмай жазып отыратын. Сөйтсек жазушы екен ғой.

Біздің бар жұмысымызды Күміс тәте бітіретін. Бірде тәтеден ақша қарыз сұрадың деп еске алады жолдасым. Бері жүр деп, өзі бастап сарайға (склад) апарды. Бұрышта үйіліп жатқан бос бөтелкелер. Осында тұрғандардан қалған шөлмектер деді тәтеміз. (Ішінде біздің де үлесіміз бар шығар). Біз соларды тазалап жууға кірістік. Мені жиіркеніп қалмасын деді ме, тәте бірінші өзі бастап жуады да, мен таза сумен шайқаймын. Сосын сөмке-сөмкелерге сұяқп салып есік алдындағы шыны ыдыстар қабылдайтын дүңгіршекке (ларек) апарып откіздік. Ол кезде ақшамыз сом болатын ғой. Менің ойымша бір-екі мың сом болды. Бұл ол кезде қомақты-ақ ақша. Мен ақшаны тәтеме бердім. Ол кісі күліп:

- Әй, бұл сенің ақшаң, бірталай еңбек еттің. Менің сарайымды тазалап бердің. Бұл сенің еңбек ақың, бар да дүкеннен керегінді сатып ал деді.

Мен қуанғаннан ол кісіні құшақтап сүйіп-сүйіп алдым. - Рахмет тәте!.. (Тұрсынханның әңгімесі).

Егер менен біреу жазушының жары қандай болу керек деп сұраса, мен ойланбастан Күміс жеңгемдей болуы керек деп жауап берер едім. Себебі... Осы сөзіме бір ғана детальмен жан бере кетейінші:

Бірде ертеңгі шайда терезеге қарап отырған әйелім «бері келші, бері келші» деп мені өзіне шақырды. Бардым. Мен де терезеге үңілдім. Қыс кезі еді. Есік алдын қалың қар басып қалыпты. Есіктің тепкішегінде екі баласын қолынан ұстап Мамытбек аға тұр. Жай тұрған жоқ,

- Күміс, әй Күміс, қар басып қалыпты ғой, біз қалай шығамыз? – деп айғайлап тұр. Күміс тәте бірдеңе деп сөйлей жүріп сыпырғышпен қалың қарды екі жаққа кезек сыпырып, қол салды. Сол жолмен бәтеңкесі жалтырап, екі баласын қолынан жетелеп шыттай киінген Мамытбек аға кетіп бара жатты. Мен жымыып әйеліме қарадым. Міне, жарына деген құрмет, міне, қаламгерге деген қамқорлық! Мамытбек ағаның қысы-жазы есік алдын сыпырып, отын жарып жатқанын көрмеппіз. Бәрін Күміс жеңгеміз өзі тындырады. Бізді осындай мейірімді де, ынтымағы жарасқан жандарға душар еткен жаратқанға әлі күнге дейін тәубе деймін.

Менің біреуе жұбақса кетіп, ел сияқты жағдайымды айта

алмайтын қырсыздығымнан ба, талай ігі жақсылардың жан шуағына бөленсем де, жантартып жақындаса алмай, кейін өкінген сәттерім көп-ақ. Ол кемшілігімді «Ойтолғаулар» атты қолжазбама айттым да. Ақын Бекен аға Әбдіразақов, Сәкен аға Иманасов, академик Өмірзақ аға Айтбаев, жазушы Тұрсыбек аға Сәукетай т.б. қаншама жақсы ағаларымның қамқорлығын көрдім, бірақ, бір барған соң қайталып бара беруге ұятым жібермей ауылыма тартып кетіп жүрдім. Институтты аяқтап диплом алған жылы факультет деканы Байтұрсын аға Өмірбеков маған осында қал деді. Сол кезде шешем ауырып, шұғыл ауылға кеттім. Кемпірім айтады, Күміс тәте де бізді қимай, осында қалыңдар, пропискаға отырғызып беремін депті. Қала алмадық. Жаркенттің дәмі тартты да тұрды. Болмаса, мұнша қамқорлық көрсетіп отырған ағаларыма, осы Мамытбек аға мен Күміс тәтеге біз кімбіз? Олардың мейірім шапағатын ойласам, ішім елжіреді. Айналайын жақсылар-ай, сендер ғой өмірге шуақ, көңілге қуат беретін. Сендерсіз мынау жалған шынымен жалған болып, сұрықсыз күйге түсер ме еді, кім білсін.

Сонау өткен ғасырдың 1986-87 жылдары ғой деймін, ұмытпасам. Алматы шаһарына жолымыз түсіп, үш баламды ертіп отбасымын бардық. Кітапханаға соқпай кетпейтін әдетіммен бір үлкен кітап дүкеніне бас сұқтым. «Тау – таумен кездеспейді, адам – адаммен кездеседі» дегендей, әлгі дүкенде Мамытбек аға тұр. Арада қанша жыл өтті, бізді таныр ма, танымас па деп сәл мүдіріп қалдым. Танымаса ыңғайсыз бола ма деп біртіндеп жақындап, сәлем бердім. Міне керемет! Аға бізді бірден таныды. Жамырай амандастық. Көптен көрмеген туысымды көргендеймін. Мына қызыққа қарамайсыз ба, туысым десем, туысым екен ғой ол кісі. Ағайынды Албан, Суан, Дулаттың мен Суаны, ағамыз Дулаты болып шықпасы бар ма! Қаншама жыл бір құпия телепатиялық байланыс екен ғой бізді жібермей шырмап келген. Бір-бірімізге ішіміз елжіреп, жақын тартып тұратынымыз да содан болар. Оны да мен дәл сол кезде емес, арада жиырмашақты жыл өткен соң білдім емес пе. Мүмкін, үлкен кісілер бұрынырақ білген шығар кім білсін?!

Кітапханадағы тұйықсыз кездесудің соңы Күміс жеңгеміздің шайын ішумен жалғасты. Қазір ағалар «Орбита» мөлтекауданы жақтағы көп қабатты үйде тұрады екен. Үлкен ұлдары Жеңістен қапыда айырылып қалғанын естіген едік. Есесіне жаратқан иеміз кенже улын сипапты. Атын батыр бабасындай болсын деген шығар, Бауыржан қойыпты. Баяғы жас кезімізден білетін аға-жеңгеміздің мейірімді жүректерінің жылы шуағына бөленіп, тәтті-тәтті естеліктерді еске түсіріп мәз болыстық. Өз үйлерінде дүниеге келген қызымыз Құралайды көріп, Базарбай мен Марашты, олардың қызы Гүлнарды айтып әңгіме ұзаққа созылды. Естеліктің негізгі айтушылары әрине, әйелдер жағы, аға екеуімізге айтар естелік те жоқтың қасы. Кезінде шүйіркелеспеген адамдарда қандай естелік болсын. Есесіне әдебиет саласында көп әңгімелестік. Ағаның әңгімелерінен кейін менің сана-сезімім өсе түскендей әсерде болдым. Мамытбек аға да менің ақын екенімді, жастар жыры фестивалінің лауреаты екенімді кейін естіпті. Жазушы мен ақын сол түні шешіле әңгімелесіп құмардан шыққандай балдық.

Мамытбек Қалдыбаев жас кезінен аты аңызға айналған жазушы, халық қаһарманы Баукеңнің (Момышұлы) жанында көп жүріпті. Жиырма бір жыл! Айтуға ғана оңай, болмаса, тірі адамға бір белесті он жыл десек, бақандай екі белес! Жерлес ретінде де, талантайы қаламгер ретінде де батыр Мәкенді жанынан тастамтты екен. Даңқты қолбасшы, әскери ғылымның білгірі Баукеңнің жетеңе жеткізіп айтар әрбір сөзі, көрген адымды жалт қаратар жүріс-тұрысы, жасындай шалт мінезі, әрқайсысы бір-бір дастан емес пе былайғы жұртқа! Соны сезген жас жазушы бәрін қағазға түсіріп отырған ғой. Сол ойлары мінеки, бес том кітап болып халықтың қолына тиді. Батырын аңсаған оқырман әлгі кітаптарды қағып әкетіп, сүйсіне де күрсіне оқуда. Сүйсінетіні белгілі, күрсінетіні – Баукеңдей хас батыр, шындықтың жоқтаушысы біздің дәл бүгінгі өмірімізге керек-ақ болып тұр-ау...

Былырғы 2018 жылдың маусым айында мен аурухана палатасында жатқам. Телефоным «шыр» ете қалды. Алсам, Мамытбек ағам!

- Исламғали, хал-жағдайың жақсы ма, бала-шаға, ел-жұртың аман-есен бе? – дейді өзіме жақсы таныс жайдары дауыс. Қуанғанымынан орнымын ұшып тұрып, қайта отырдым.

- Иә аға, аман-есенбіз. Өздеріңіз қалайсыздар? Күміс жеңгем аман ба, бала-шаға қалай?

- Жақсы-жақсы, мен бүгін Талдықорғанға барам, жазушылардың бас қосу жиынына. Сен де келетін шығарсыңдар?..

Баяғыда бір кедейдің қызы көрші ауылда той болатынын естіп, анасына мен де тойға барайыншы деп қиылып сұраныпты. Мен жіберермін-ау, бірақ барғызбасың, барғызбас қызым деген екен анасы қызының тойға киер киімдері жоқ екенін меңзеп, аурухана сол қыздың кебін киіп, барғызбасын барғызбай, аурухана төсегіне танылып жатысым мынау. Өкініш өзегімді өртеп, бара алмайтынымды айттым. Үлкен кісі де өкінішін білдіріп, Баукең тура-лы жаңа кітабы (5-ші том) жарық көргенін, бір данасын маған арнап ала келетінін айтып, соны кімге беріп кетейін

деп сұрады. Мен Талдықорғанда Ерғазы Манапұлы деген ақын інім тұратынын, ол да Жазушылар одағының мүшесі екенін, аталмыш жынға қатысатынын, сізді өзі іздеп тауып алатынын айттым.

Қайран қамқор ағатайым ай! Жаман ініңізді ұмытпапсыз-ау! – деп толқып, кезіме жас келді. Биылғы жылы (2019) сексенге толатын қарт жазушы, қарт абыз соңындағы інілерін осылай ізгілікке баулымаса болмас па!

Кітап көп ұзамай қолыма тиді. «Мен қазақтың баласы» деп аталатын деректі роман. Алматы, 2018 жыл, таралымы 1000 дана, көлемі 24,2 б.т.

- Тұрсынхан! – дедім асүйде жүрген кемпіріме қуана дауыстап.

Мамытбек ағаның кітабы келді!
- Қане! – ол да жүгіріп келіп мұқабасында Баукеңнің көпшілікке таныс әскери киіммен тұскен суреті басылған салмақты кітапты аялай ұстап тұрып қалды. Сосын бірінші бетін ашып, ағаның қолтаңбасын мақтансыз сезіммен дауыстап оқыды: «Аса құрметті Исламғали ініме, Тұрсынхан келініме тілектес көңілден! 27.06.2018 ж. Талдықорған қаласы». Жарымыз екеуіміз сол сәтте ағалармен алғаш әңгімелерін тыңдап, көңіліне түйген автор Баукеңнің ішкі әлемінің жұртқа беймәлім сырын мүмкіндігінше кеңінен аша түскен...» деген мәліметті әдейі, жоғарыда айтқан сөздеріме дәлел ретінде келтіріп отырмын.

Алғашқы тарау «Баукең қалай 9-шы дивизияның командирі болды» дегеннен бастап, «...Баукең темекісін үсті-үстіне тартты да, бүгінгі әңгіме осымен бітті дегендей үнсіз қалды» деген соңғы жолын оқығанша оншақты күн өлең де жазбай, өзге де бет бурмай қызыға да, сүйсіне оқып шықтым. Баукең жайлы Әзілхан Нұшайықовтың «Ақиқат пен аңызынан» бастап көптеген шығармалар дүниеге келді емес пе. Солармен салыстырғанда, бұл кітап авторы, батырға деген етене жақындығымен, шынайы «ақындығымен», бетің бар, жүзің бар деп жасқаншақтамай айтылған батылдығымен, былайғы жұрт біле бермейтін (ішінде өзін де бармын) тосын оқиғаларымен жүрегіміздің төрінен ойып тұрып орын алды. Қысқа әңгімелер мен естеліктерден қаламгерге қажетті көп қызықты да қымбатты дүниелер таптым. Мысалы: 312 беттегі «Мұхаңның бағасы»...

Ия, даңқты батырдың іні-досы Мамытбек ағаның батыр туралы айтары көп екені белгілі. Ол үшін кітапты түгел әңгімелеу керек. Менің қысқа мақаламда ол мүмкін емес болғандықтан, өзіме қатты ұнаған Баукеңнің өз аузымен айтылатын осы қысқа әңгімесін назарларыңызға толық ұсынайын:

МҰХАҢНЫҢ БАҒАСЫ

*Баяғыда Мұхаң, Мұхтар Әуезов маған:
- Ғайыптан тайып әдебиет институтында оқығаныңда, сенен маршал жазушы шығар еді, - дегені бар. Мен:
- Әдебиет және искусство деген сөзді естіп жүрмін. Искусство жасанды деген сөз. Ондай нәрсеге онша жақындамайтын кісімін. Өйткені өз пікірін айтатын адам жалған нәрсеге ешуақытта жоламайды, жолауы да мүмкін емес. Оған бет бейнесін өзгертіп, ойын қисайтып, бүгінгі күн саясатына бейімделіп, біреудің қытығына тиіп қалмайын, қате пікірін қолдай салайын деген жарамсақтар ғана барады. Мен ондай адам емеспін, - дегенімде:*

- Сен майданда қандай жеңіске жетсең, әдебиетімізде де сондай жеңіске жеттің. Мен енді маршал болғаныңды қалар едім, - деп шын ағалық тілектестігін білдіріп еді.

- Мұха, сенде тұрған ештеңе жоқ. Менің бекінген шебімді жауға бермегенімді білесіз. Түсініңіз, менің шебім - шындық.

- Бауыржан, сенің еңбектерің, жазған кітаптарың, айтқан ақылды, қанатты сөздерің, ойлы мақал-мәтелдерің адам баласы таусылғанша бағасын жоғалтпайды, - деді Мұхаң күлімсірей қолымды алып...

Осы қысқа әңгімеде, түсінген адамға алар ғибрат жетіп артылады. Қазіргі күнге дейін еш маңыздылығын жоймаған, бәлкім Мұхаң айтқандай адам баласы таусылғанша маңызын жоймайтын ой жатыр. Сол дүниені Баукеңнің аузынан алып, қағазға түсірген жазушының да көрегендігіне сүйсінесің. Болмаса дана қазақтың аузынан шыққан қаншама асыл сөздер қағазға түспей жел-ге ұшып кетті. Бұл «Мен қазақ баласының» ішіндегі бір ғана әңгіме. Кітапты түгел оқыған адам сөз асылы мен ой тереңіне белшеден батарына кәміл сенем. Мұхаңның Баукеңе берген бағасына ылайық дүниелер жазсам-ау деген арман жетегінде жүрсінесің. Болмаса дана қазақтың аузынан шыққан қаншама асыл сөздер қағазға түспей жел-ге ұшып кетті. Кітапты түгел оқыған адам сөз асылы мен ой тереңіне белшеден батарына кәміл сенем. Мұхаңның Баукеңе берген бағасына ылайық дүниелер жазсам-ау деген арман жетегінде жүрсінесің. Болмаса дана қазақтың аузынан шыққан қаншама асыл сөздер қағазға түспей жел-ге ұшып кетті. Кітапты түгел оқыған адам сөз асылы мен ой тереңіне белшеден батарына кәміл сенем. Мұхаңның Баукеңе берген бағасына ылайық дүниелер жазсам-ау деген арман жетегінде жүрсінесің. Болмаса дана қазақтың аузынан шыққан қаншама асыл сөздер қағазға түспей жел-ге ұшып кетті. Кітапты түгел оқыған адам сөз асылы мен ой тереңіне белшеден батарына кәміл сенем. Мұхаңның Баукеңе берген бағасына ылайық дүниелер жазсам-ау деген арман жетегінде жүрсінесің. Болмаса дана қазақтың аузынан шыққан қаншама асыл сөздер қағазға түспей жел-ге ұшып кетті. Кітапты түгел оқыған адам сөз асылы мен ой тереңіне белшеден батарына кәміл сенем. Мұхаңның Баукеңе берген бағасына ылайық дүниелер жазсам-ау деген арман жетегінде жүрсінесің. Болмаса дана қазақтың аузынан шыққан қаншама асыл сөздер қағазға түспей жел-ге ұшып кетті. Кітапты түгел оқыған адам сөз асылы мен ой тереңіне белшеден батарына кәміл сенем. Мұхаңның Баукеңе берген бағасына ылайық дүниелер жазсам-ау деген арман жетегінде жүрсінесің. Болмаса дана қазақтың аузынан шыққан қаншама асыл сөздер қағазға түспей жел-ге ұшып кетті. Кітапты түгел оқыған адам сөз асылы мен ой тереңіне белшеден батарына кәміл сенем. Мұхаңның Баукеңе берген бағасына ылайық дүниелер жазсам-ау деген арман жетегінде жүрсінесің. Болмаса дана қазақтың аузынан шыққан қаншама асыл сөздер қағазға түспей жел-ге ұшып кетті. Кітапты түгел оқыған адам сөз асылы мен ой тереңіне белшеден батарына кәміл сенем. Мұхаңның Баукеңе берген бағасына ылайық дүниелер жазсам-ау деген арман жетегінде жүрсінесің. Болмаса дана қазақтың аузынан шыққан қаншама асыл сөздер қағазға түспей жел-ге ұшып кетті. Кітапты түгел оқыған адам сөз асылы мен ой тереңіне белшеден батарына кәміл сенем. Мұхаңның Баукеңе берген бағасына ылайық дүниелер жазсам-ау деген арман жетегінде жүрсінесің. Болмаса дана қазақтың аузынан шыққан қаншама асыл сөздер қағазға түспей жел-ге ұшып кетті. Кітапты түгел оқыған адам сөз асылы мен ой тереңіне белшеден батарына кәміл сенем. Мұхаңның Баукеңе берген бағасына ылайық дүниелер жазсам-ау деген арман жетегінде жүрсінесің. Болмаса дана қазақтың аузынан шыққан қаншама асыл сөздер қағазға түспей жел-ге ұшып кетті. Кітапты түгел оқыған адам сөз асылы мен ой тереңіне белшеден батарына кәміл сенем. Мұхаңның Баукеңе берген бағасына ылайық дүниелер жазсам-ау деген арман жетегінде жүрсінесің. Болмаса дана қазақтың аузынан шыққан қаншама асыл сөздер қағазға түспей жел-ге ұшып кетті. Кітапты түгел оқыған адам сөз асылы мен ой тереңіне белшеден батарына кәміл сенем. Мұхаңның Баукеңе берген бағасына ылайық дүниелер жазсам-ау деген арман жетегінде жүрсінесің. Болмаса дана қазақтың аузынан шыққан қаншама асыл сөздер қағазға түспей жел-ге ұшып кетті. Кітапты түгел оқыған адам сөз асылы мен ой тереңіне белшеден батарына кәміл сенем. Мұхаңның Баукеңе берген бағасына ылайық дүниелер жазсам-ау деген арман жетегінде жүрсінесің. Болмаса дана қазақтың аузынан шыққан қаншама асыл сөздер қағазға түспей жел-ге ұшып кетті. Кітапты түгел оқыған адам сөз асылы мен ой тереңіне белшеден батарына кәміл сенем. Мұхаңның Баукеңе берген бағасына ылайық дүниелер жазсам-ау деген арман жетегінде жүрсінесің. Болмаса дана қазақтың аузынан шыққан қаншама асыл сөздер қағазға түспей жел-ге ұшып кетті. Кітапты түгел оқыған адам сөз асылы мен ой тереңіне белшеден батарына кәміл сенем. Мұхаңның Баукеңе берген бағасына ылайық дүниелер жазсам-ау деген арман жетегінде жүрсінесің. Болмаса дана қазақтың аузынан шыққан қаншама асыл сөздер қағазға түспей жел-ге ұшып кетті. Кітапты түгел оқыған адам сөз асылы мен ой тереңіне белшеден батарына кәміл сенем. Мұхаңның Баукеңе берген бағасына ылайық дүниелер жазсам-ау деген арман жетегінде жүрсінесің. Болмаса дана қазақтың аузынан шыққан қаншама асыл сөздер қағазға түспей жел-ге ұшып кетті. Кітапты түгел оқыған адам сөз асылы мен ой тереңіне белшеден батарына кәміл сенем. Мұхаңның Баукеңе берген бағасына ылайық дүниелер жазсам-ау деген арман жетегінде жүрсінесің. Болмаса дана қазақтың аузынан шыққан қаншама асыл сөздер қағазға түспей жел-ге ұшып кетті. Кітапты түгел оқыған адам сөз асылы мен ой тереңіне белшеден батарына кәміл сенем. Мұхаңның Баукеңе берген бағасына ылайық дүниелер жазсам-ау деген арман жетегінде жүрсінесің. Болмаса дана қазақтың аузынан шыққан қаншама асыл сөздер қағазға түспей жел-ге ұшып кетті. Кітапты түгел оқыған адам сөз асылы мен ой тереңіне белшеден батарына кәміл сенем. Мұхаңның Баукеңе берген бағасына ылайық дүниелер жазсам-ау деген арман жетегінде жүрсінесің. Болмаса дана қазақтың аузынан шыққан қаншама асыл сөздер қағазға түспей жел-ге ұшып кетті. Кітапты түгел оқыған адам сөз асылы мен ой тереңіне белшеден батарына кәміл сенем. Мұхаңның Баукеңе берген бағасына ылайық дүниелер жазсам-ау деген арман жетегінде жүрсінесің. Болмаса дана қазақтың аузынан шыққан қаншама асыл сөздер қағазға түспей жел-ге ұшып кетті. Кітапты түгел оқыған адам сөз асылы мен ой тереңіне белшеден батарына кәміл сенем. Мұхаңның Баукеңе берген бағасына ылайық дүниелер жазсам-ау деген арман жетегінде жүрсінесің. Болмаса дана қазақтың аузынан шыққан қаншама асыл сөздер қағазға түспей жел-ге ұшып кетті. Кітапты түгел оқыған адам сөз асылы мен ой тереңіне белшеден батарына кәміл сенем. Мұхаңның Баукеңе берген бағасына ылайық дүниелер жазсам-ау деген арман жетегінде жүрсінесің. Болмаса дана қазақтың аузынан шыққан қаншама асыл сөздер қағазға түспей жел-ге ұшып кетті. Кітапты түгел оқыған адам сөз асылы мен ой тереңіне белшеден батарына кәміл сенем. Мұхаңның Баукеңе берген бағасына ылайық дүниелер жазсам-ау деген арман жетегінде жүрсінесің. Болмаса дана қазақтың аузынан шыққан қаншама асыл сөздер қағазға түспей жел-ге ұшып кетті. Кітапты түгел оқыған адам сөз асылы мен ой тереңіне белшеден батарына кәміл сенем. Мұхаңның Баукеңе берген бағасына ылайық дүниелер жазсам-ау деген арман жетегінде жүрсінесің. Болмаса дана қазақтың аузынан шыққан қаншама асыл сөздер қағазға түспей жел-ге ұшып кетті. Кітапты түгел оқыған адам сөз асылы мен ой тереңіне белшеден батарына кәміл сенем. Мұхаңның Баукеңе берген бағасына ылайық дүниелер жазсам-ау деген арман жетегінде жүрсінесің. Болмаса дана қазақтың аузынан шыққан қаншама асыл сөздер қағазға түспей жел-ге ұшып кетті. Кітапты түгел оқыған адам сөз асылы мен ой тереңіне белшеден батарына кәміл сенем. Мұхаңның Баукеңе берген бағасына ылайық дүниелер жазсам-ау деген арман жетегінде жүрсінесің. Болмаса дана қазақтың аузынан шыққан қаншама асыл сөздер қағазға түспей жел-ге ұшып кетті. Кітапты түгел оқыған адам сөз асылы мен ой тереңіне белшеден батарына кәміл сенем. Мұхаңның Баукеңе берген бағасына ылайық дүниелер жазсам-ау деген арман жетегінде жүрсінесің. Болмаса дана қазақтың аузынан шыққан қаншама асыл с

КӨКІРЕГІ ХАТ БОЛҒАН ҚАРИЯ

Балалық шақ
Батталғазы Нүптекеулы 1935
(доңыз) жылы Қытай Халық Республи-
касы, Шыңжаң өлкесі, Қорғас ауданына
қарасты Талқы елді мекенінде дүниеге
келген. Бір жарым жасында әкеден, екі
жарым жасында шешеден айырылып,
жетімдіктің азабын бір кісідей тартқан.
Оның үстіне жоқшылық пен кедейшілік
жас баланың тағдырын қиындата
түсті. Оған қарамастан сол кездегі
Нүптекенің немерелес інісі Қартпай
атамыз ағасының шиттей жетім балала-
рын, ағасы - Әтеке, әпкелері - Зейнехан
мен Әуесхан және кенже менің әкемді
қамқорлығына алып, өлтірмей бағады.
Тіпті өз баласын әлпескіне беріп, төрт
баланы өсіріп жеткізуді өз мойнына
алады. Әкем Батталғазы тірісінде осы
жадө жеткенім бірінші Алла, екінші
Қартпай әкемнің арқасы деп еске алып
отыратын.

Өз әкесі Нүптеке Досқара баласы 1936 жылдың орта шенінде Жаркент түрмесіне «бидің, байдың ұрпағы» деген желеумен екі рет қамалып, ақыры соның зардабынан дүниеден озған.

Әкем жетімдіктің азабын қанша тартса да, өмірге, тағдырына, адамдарға ешқашан ренжіп, налыған емес. Керісінше Аллаға ризашылығын білдіріп, өмірді сүйе білген адам. Қиын-қыстау заманда жан бағу үшін жалданып жұмыс істеген. «Жанама қойшы» деген қызметі болған. Онысы «қазіргі қойшылардың қой қайыратын иті іспеттес» деген мағынаға жақын «лауазым» екен. Жай қойшы бір шоқай тоздырғанда, жанама қойшы төрт шоқай тоздыратын болған.

Бірде шоқайсыз жалаң аяқ келе жатқанда аяғын жылан да шағып алыпты. Әкеміз жыланды қорықпастан өлтіріп, үйге сүйреп әкеледі. Үйдегілер «жыланды өлтіргені дұрыс болған» деп жақсыға жорыпты. Жыланды өлтірмесе, адам өзі өледі. Серті сондай. Аяғындағы жыланның уын Айтқұрман деген немере ағайынның кемпірі пышақпен тіліп жіберіп, сорып түкіріп, аяқтың тізеден төменгі жағын қан жүргізбей қысып байлап, одан бөлек, қытайдың «жүн жүн» деген арағын ішкізіп, уды умен қайтарады. Әзер дегенде әкемізді аман алып қалыпты. 15 күн ес-түссіз жатып, қатарға әзер қосылыпты. Орнынан тұра сала, жұмысқа қайта жегіліпті.

Қытай өкіметі орнап ел-жұрт оқу білімге ден қоя бастағанда, әкеміздің бар арманы мектепке бару болыпты. Бір жолы жалшы боп жүріп кезекті таяғын жеген соң, мұндай қианатқа шыдамай қашып кетеді. Күздің қоңыр салқын түнін орманда адысып жүріп өткізіпті. Сонда аюдан, қасқырдан қорыққан бала терекке өрмелеп шығып, ағашта отырып ұйқайды. «Құлап кетіп жүрмейін» деп ағаштың үлкен бұтағын құшақтап отырып, қалғып-мүлгіп ұйықтаған болады. Таң атысымен ары қарай жолға шығады. Келесі кезеге асып түскенде, көрші ауылдың қойшы балалары «шайтан келе жатыр» деп үйлеріне қашып кіреді. Балалардың шуынан үйден сыртқа шыққан кемпір «шайтан емес, бала ғой мынау» деп өрім-өрім шыққан баланы үйге кіргізеді. Түрі өте жүдеу, кір-қожалақ, киімі жыртық баланы ауылдың тентектері расында шайтанға ұқсатыпты. Кейін әкеміз сол балалармен бірге бір мектепте оқыпты. Әлгі апа тамақ беріп, қолына нан ұстатып, әкемді жолға салады. Сол жүргеннен әкем Талқының кезегінен асып түсіп, ну орманды кесіп өтіп, үйге төтесінен шықпақ болады. Жолда адысып, қалың жабайы баққа тап болады. Алмалардан қарны тойғанша жеп, екі жақ қойнына кіші әкесінің және ағасының балаларына алма теріп толтырып алады. Тағы бір түн орманды паналап, ертеңінде Талқының суын жағалап келе жатқанда бір қарияны жолықтырады. Ол кісі қале бағытта кетіп бара жатқан әкемізге тұзу жол сілтеп жібереді. «Батталғазы қашып кетті» дегенді естіп, кіші әкесі іздеуге шығады. Жолшыбай әкеме жолыққан қарияны кездестіреді. Ол кісі алдынан жүдеу баланың кезіккенін айтып, Қартпай атамызға баланы жолықтырған жерді айтып береді. Артынан іле-шала қуып жеткен Қартпай атамыз әкеммен жылап көріседі. Осы оқиғадан кейін әкемді кіші әкесі жалданып жұмыс істеуге жібермепті. Оқимын деген өтінішін орындап, төрт жылдық бастауыш мектепке беріпті. Сол кезде әкеміздің жасы 13 жаста екен. Жоқшылық, тұрмыстың төмен болғаны соншалықты кітап түгілі, дәптер де жоқ. Қартпай атамыз шебер сұрапты. Мұғалім бүкіл әріпті жазып беріпті. Осылайша әкем бір-ақ күнде әріп таныпты. Өзінің қабілет-қарымының арқасында бір жылда екі сыныпты бітіреді. 3-ші сыныпты оқымай, 4-ші сыныпқа аттайды. Осылайша бастауыш мектепті екі жылда бітіреді. Одан әрі 5-6-7 сыныптарды аудан орталығы

Сүйдінге барып жалғастырады. Жалпы алғанда 5 жылда 7 сыныпты үздік аяқтап, Құлжа қаласына оқуды жалғастыруға жолдама алады. Бірақ 1955 жылы Қазақстанға көшетін болғандықтан, оқуын тоқтатады.

Елге оралуы
 Қазақстанға өткен бетте Совет өкіметі Қырғызстандағы Сусамыр жайлауына қоныстандырады. Бастарына үй, алдарына мал береді. Бірақ туған жерге деген сағынышты еш нәрсе тоқтата алмайды. Бір жыл толар-толмас уақыт тұрып, Қазақстаннан бидай алып барған көліктермен, астыртын келіскен бойда оншақты отбасы үй-жай, мал бәрін тастап бір түнде көшіп Ақжазық ауылына келеді.

Ол кезде Ақжазық ауылы Жамбыл атындағы колхоз болып аталады. Ауылға келгенде ағайын-туыс соғыстан кейін есін енді жия бастаған екен. «Тұрмыстары жүдеу болса да, пейілдері кең еді елдің» деп

«Апам біледі деп айтты», – деп жауап береді. Сонда Қожақан аға: «Болды, келісті, келісті!» – деп беркін аспанға атып, қалтасынан 20 сом шығарып, бірден «үкі» деп қадап кетеді. Сол оң бастамадан соң, әкеміз үйлі-күйлі болып, шешемізбен 57 жыл отасып, шешем 11 құрсақ көтеріп, әкемнің мерейін асырып, жамандығын жасырып, бақытты-баянды ғұмыр кешті. Үйленгенде әкем 24 жаста, ал шешем 19 жаста болған. Әкем шешемді «бір жүк машинасымен, бір трактормен тауға әрең алып шыққанмын» деп қоймай айтатын. Сонда Ақан шалдың жүк машинасы мен Әбіләкім атаның тракторы ауылдағы көліктің алды екен. Ақан ата машинаның, Ескелді аға тракторды айдап шығыпты. Машина жолда тығылып, трактормен сүйреп Ыршуыққа әзер шығыпты. Бірақ шешем сол кезде алтыншы сыныпта оқиды екен. Аудандық партия бөлімі әкемді «мектеп оқитын қызға үйленді» деп жауапқа тартпақ та болады. Алайда, әкем шешемнің кәметіттік

әкеміз жастайымыздан сіңіріп өсірді. Әулеттің ішінде ауызбіршілік, ынтымақ, береке, бірлік, ырыс бәрі сыйып тұрғандай.

Еңбек жолы
 Әкем «ақ қойдың арқасында атақ та, абырой да, дүние де, мал да бәрі жеткілікті болды» деп айтатын. Бірақ, айтқанға оңай болғанмен, сол қажырлы еңбектің дәмін бала-шағаның бәрі татып көрді десе қауіпсізсіз. Біле білсеңіз, малшы қауымының іә демалыс күні, я жұмыстан кейін деген түсінік болмайды. Жыл он екі ай, жиырма төрт сағат малдың қасында үлкен жауапкершілікпен жұмыс атқаруы тиіс. Әкемнің басындағы ауыртпашылықты ең бірінші көтеріскен адам шешем болды. Әкеміз ауылға, жиналысқа, курортқа кеткенде, малға бас-көз болып шешем қалатын. Кейін балалары есейе баастағанда, төлінің үлкені болған Бақытгүл әкеміз қыз болғанына қарамастан, жазда каникулда әкемнің қолынан қойды өткізіп алып, жаз бойы бағатын. Сол үшін әкем ұлғи да «Бақатайым бір төбе, қалғандарың бір төбе» деп айтып отыратын. Балаларының ешқайсысы да осындай тәлім-тәрбие мен еңбекке баулумен кенде болған жоқ. Әрқайсысы сиыр, бие сауып, мал бағып, қонақ күтіп, көшпелі өмірдің қызу процесіне жаз, күз, көктемгі каникулдарда араласып отырды. Сол еңбекқорлықтың пайдасын әрқайсысымыз өмірде кенінен қолданып жатырмыз. Әкем өз заманында Кеңес Одағының батыры атағын алмаса да, абыройы батыр атағын алғандармен бірдей болды. Алмауының себебі де бар, неше дүркін Еңбек Үздігі атанса да, «Қытайдан келген адамдарға батыр атағы берілмес» деген астыртын үкім болғандықтан, сол батыр атағына ілінбей қалған. Бірақ орден мен медальдан кенде болған жоқ. Ең жоғарғы атағы – КСРО Жоғарғы Кеңесінің мақтау грамотасымен марапатталған. Тәуелсіздік алғаннан кейін ауданның №5 Құрметті Азаматы атағын алды.



Бейсен Құранбек ағамыз үйде қонақта

еске алатын әкем. Үсен болыс атамыздың үлкен баласы Әбіләкім атамыздың үйіне түсіпті. Атамыз екі ауыз тоқал тамның бір бөлмесін босатып беріпті. Бір бөлмеде аға-жеңгесі, екі баласы, жеңгесінің анасы, кішкентай екі бала, әкемді қосқанда алты адам сол кішкентай бөлмеде тұрыпты. Содан мал баққаннан басқа ыңғайлы жұмыс болмағандықтан, келген бойда колхоздың қойын бағуға кіріседі. Әкемнің оқимын деген арман-мақсаты сол күйі орындалмай қала береді. Бірақ өзі оқымаса да бала-шаға, немерелерінің бәрін жоғарғы оқу орнына оқытуға күш салған. Егер адамның таланты болса, ішіндегі білімге, оқуға деген құштарлық, талап-тілек жеріңізге шықпай қоймайды. Мәселен, әкем өзі оқымаса да, оқыған білімді адамдармен жолдас болған. Сол арқылы өзін тәрбиелеген, деңгейін өсірген. Қойшы болса да, кітап көп оқыған. Мысалы «Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романын үш рет оқып шыққанмын» деп айтып отыратын. «Әр оқыған сайын мінезін, жүріс-тұрысын, әдебин түзеп отыратынымын» дейтін. Бала кезінде жыр-дастан, бәйіттерді, қиссаларды көп тыңдаған. Бәйіттерді бір тыңдағанда жартысын, екі тыңдағанда түгел жаттап алатын көрінеді. Одан бөлек өлең айтатын, айтысатын да өнері болған. Қытайда талай елдің алдында Жамбыл атамыздың «Паровоз», «Туған жер», Келен атамыздың «Көкшолақ», т.б. әндерін нақышына келтіріп орындап жүріпті. Сонда киімі жыртық, жұпыны болғанынан ұялып тұрса да, жас баланың өнеріне тәнті ел-жұрт алға шығарып, өлең айтқызады екен. Қытайдан бері өткенге дейін «суырып салма ақын» деген атағы да болған. Кейін Советке өткен соң, бұл өнерлерді көп ешкім қажет қылмағандықтан ұмытады. Бірақ өз қатарластарының арасында кей кездерде ақындық өнерін көрсетіп отырған.

Отбасын құру
 1960 жылы қаңтар айында әкем мен шешем шаңырақ құрыпты. Отбасын құруға көп үлес қосқан Шәкіров Қожақан деген жиен ағасы екен. Өз ағасы Әтеке атамыздың талай жермен құдаласамыз деген талпыныстары жүзеге аспапты. Айттырмақшы болған қыздарын әкем ұнатпапты. Қожақан ата әкемді ертіп нағашы апамның үйіне келіпті. Жібікен апам әкемді мақтауын келістіріп тұрып таныстырыпты. «Бидің, болыстың ұрпағы, текті жерден шыққан. Қылыштың жүзіндей өткір, бой десең бойы, түр десең түрі бар, сақылдаған сары жігіт» деп әбден мақтапты. «Ел мақтаған жігітті қыз жақтаған» демекші апамыз «жастар өздері сөйлессін» деп келіскен ыңғай танытыпты. Әкем сөйлеспек болып іздеп шықса, шешем тауық қораға тығылып қалыпты. Әкем шешемді бір көріп ұнатып қалыпты. Шешем үндемеген күйі, сөйлесейік деген ыңғайға көнбей, тауық қорадан шықпай отырып алыпты. Сөйлесу мүмкін болмағандықтан, әкем: «Мен ұнаймын ба?» – деп сұрақты төтесінен қойыпты. «Апам біледі, апам біледі». Сондағы шешеміздің бар айтқан сөзі осы болыпты. Болашақ күйеу әкем «апам біледінің» сырын түсінбей, үйге қайтып кіреді. Қожақан аға: «Ей, Нүптекеев! Не деді?» – деп ентелеп, үсті-үстіне бастырмалатып сұрақ қойыпты. Әкем:

жасқа толғанын алға тартып және сол жылы сайлауға дауыс берген бюллетенін тауып, дәлел ретінде көрсеткеннен кейін ғана мәселе шешіліпті. Әйтпегенде әкемді біраз әбігерге салған екен.

Әкем үйленгені туралы әңгіме қозғағанда, Қожақан ағаны еске алып, ол кісінің еңбегін біздің есімізге салып отыратын. Одан бөлек әкем жеке отау болып бөлініп шыққан кездегі еңбегін ерекше айтатын. Әкем ағасының қарамағынан жеке бөлініп шығамын деген ұсынысты алғаш рет 1964 жылы Қожақан аға айтқан екен. Сонда жай ғана бөліне салмай, ел-жұрттың батасын алып, той жасайтынын айтқанда, Қожақан аға бірден қолдау көрсетеді.

Жайлау үсті. Қозы бөліп жатқан кез. Ел-жұрттың бәрін, малшы қауымы, жора-жолдас, ағайын-туыс бәрін шақырады. Ас та төк дастархан, арақ-шарап бәрі молынан қойылады. Әкемнің ең алғашқы жеке дастарханы. Сондықтан жиған-тергенінің бәрін де аямайды. Сонда Қожақан аға: «Совет өкіметі орнағалы бері жеке отау болып шығып, «ақсақалдардың батасын аламын» деп мынандай дастархан жайған кімің бар? Мына Нүптекеев осындай игі бастаманы жасап отыр. Қанеки, мұндай жақсылыққа келгенде бұрынғы ата-бабаларымыз құр қол келмейтін. Жас отауға көмек, қолдау көрсетейік. Қанеки, бір-бір малдан шамаңыз жеткенше берейік!» – деп езі бастап бір қой деп жазғызады. Сол-ақ екен бәрі қолдап алып кетеді. Елдер лак, қозы, қой, алды сиыр, жылқы деп ет жақын адамдар атап бере бастайды. Содан Қожақан аға: «Ей, Құтқелдиев» деп әкемнің жалғыз қайын інісі Елеусіз ағаны қасына шақырады. «Мына Нүптекеев мен білетін болсам, мына атаған малдарды өздігінен барып, ешқайсысынан алмайды, сен мына тізімді алып, қозы бөлетін жерге келіп, атаған малдардың бәрін жинап-теріп, айдап кетесің», – деп шегелеп тапсырма береді. Екі-үш күн өткен соң, Елеусіз аға әлгі аталған малдарды қозы бөлген жерден айдап келеді. Сонда бастауыш отызға жуық ұсақ мал құралыпты. Бұл да болса әкемнің пысықтығының, ойының жүйріктігінің, кеңдігінің арқасы. Әкемнің ағасы Әтеке ата әкемнің жақсы көретін бұры атын, бір тайынша, бір тоқты, бір қой беріп, шама-шарқынша шығарып салады. Бөлек кеткен әкеміз екінші фермадағы Матай деген зоотехник жолдасынан бір отар қой алып, жеке кетеді. Бірақ, бір жарым жылдан кейін ағасының сырқаттанып қалғанына байланысты ағасының қолындағы қойды өткізіп алады. «Терек бір жерден көгері» демекші, әкем сол келгеннен Ақжазық ауылында зейнетке шыққанша еңбек етіп, сол еңбегінің жемісін жеді.

Кейін Совет Өкіметі тарағанда, жер-жердің бәрі жекешеленіп бастағанда, ауыл ақсақалдары болып бірігіп, оның басында Әділшайық Тұрлығазы атамыз, Оспанәлі Тұрдақын, Ақбаев Нұрсадық аталарымызбен бірге Көктал совхозынан бөлек шығаруға атсалысқан. Әкем ауылдың абыз ақсақалы іспеттес еді. Тіпті, денсаулығы жарағанда, ақсақалдар алқасының төрағасы болуға да қабілеті жететін еді. Себебі, ауылдағы араздасқан ағайынды татуласуға, ұрсынып қалған ерлі-зайыптыларды қайта қосуға, бойдақтарды үйленуге, жетім-жесірлерді жебеп, қол ұшын беруге, үйсіздерге үй алып беруге аянбай бел шешіп кірісетін. Одан қалса, қолындағы барын беріп, қысылған адамдарды қыжалаттан шығарғанына талай куә болғанбыз. Әкемнің осы жақсылықтарын көрген адамдар біздерді жолықтырған сайын өткен істерді еске алып, бізді марқайтып тастайды. «Жақсы әкенің аурағы жаман балаға қырық жыл азық» деген осы шығар.

1997 жылы 10 маусымда Ерлан бауырым өмірден озғанда, мен мектеп бітіріп жатқан едім. Ол кезде елдің жағдайы қиындау еді. Әкем көзінің ағы мен қарасындай екі ұлының біреуінен айырылғанда, артта қалған жалғыз ұлын алысқа жіберуге қимай, Жаркенттегі педколледжге оқытып, қасымда ұстаймын деген ойы болды. Содан менің арман-мақсатым – Алматыға барып оқу еді. Заңгер боламын деп армандаушы едім. Әкем маған ойын тікелей айтпаса да, әпкелерім арқылы астарлап жеткізгенде, мен бұқ түсіп жатып алғанмын. Мектепті үздік бітіріп жатқан Ақжазық мектебінің тарихындағы ең тұңғыш оқушы болдым. Әкемнің көңілін сергіткен бірінші жаңалық сол еді. Сөйтіп отырған кезде Ербол деген құдамыз таксисет болып жүріп, Алматыда оқытын студент жігітті машинасына отырғызып, Әулиеағашқа алып бара жатып (сол ауылдың күйеу баласы болса керек), ойда жоқта құда баласының, яғни мені сөз қылады. Әлгі жігіт: «Ол бала үздік бітірсе, еш қорықпастан Алматыда кез келген ЖОО-на түсе алады емес пе?» – дейді. Содан Ербол аға «осы әңгімені өз аузыңмен әке-шешесіне айтпасаң, маған сенбейді ғой» деп үйге алып келіпті.

Әкем әлгі жігіттің әңгімесін тыңдап, мені Алматыға жіберуге шешім қабылдады. Мен ол кезде шөпке кеткен едім. Кешке келсем, әпкелерім қуанышты жаңалықты жарыса жеткізіп жатты. Мен құдды бір университетке түсіп кеткен адамдай бақыттан басым айналып жүрді. «Қырықтың бірі – Қыдыр» деген осы шығар. Сол кеткеннен ҚазГҮ-дің Шығыстану факультеті, одан Шанхай университетін тәмамдап, білдей бір қытай тілінің маманы болып шықтым. Шанхайға баратын хабарды әкеме естірткенде, әкем тағы да алысқа жіберуге жүрегі дауаламай отырды. Сол кезде тағы да Тұрлығазы атамыз әкемді көндіріп, тіпті жол қаражатын да өзі тауып берді. «Ей, Әкпаражы, Шанхайға қазақ барып па, менің сарым бара жатыр» деп өз баласы баратындай қуанған екен. Сол атамыз мен Шанхайдан келетін жылы көктемде дүние салды. Ол қаралы хабарды алаңдатпайық деп маған айтпапты. Шанхайдан алып келген сыйлығымды бермек болғанда, бірақ естітім. Қандай орны толмас өкініш десенші!

Әкемнің әрбір аға-бауырларының орны бөлек. Әрқайсысының істеген жақсылығын еш ұмытпастан қайталап, бізге үлгі қылып айтып отыратын. Мәселен, Аусарбеков Тоқтамбек (Дада) атамыз мені оқуға апа-

рып, үйіне жатқызып, Сұлтанбек ағамызға табыстап, өз баласын сүйрегендей сүйреді. Сол ағалардың көбісі өмірден озды. Жандары жәннатта болсын! Артындағы ұрпақтары бақытты ғұмыр кешіні! Айта берсе, ондай ағалар Ізгенов Шортанбай, Тұрар аға, Ештай аға, Едіге Түркебаев, Ысқақов Әлтай, Ысқақов Әбілда, Әділшайық, Ыбырай Молдаев, т.б. ауыл-аудан ақсақалдарымен сыйласқан. Алыс-беріс, аралас-құралас болған. Сондай ағалардың бойындағы ізгі қасиеттерін үйреніп, бізге үлгі қылып айтып отыратын.

Құрдастары – Ыстанпол, Қаби, Әбілқайыр, Жұмағұл, Нұрасыл, барлығымен қоян-қолтық араласып, қалжыңдасып, тату-тәтті өмір сүрді. Құрдастарының ішінде қатты қалжыңдасатыны – Қаби мен Ыстанпол ағалар еді. Бірде Қаби ағаның әкесі Қарасай ақсақалдың үйінде қонақ болып отырып, әкем өз табағын тауысып тастап қарап отырғанда, Әкпаражы ата: «Менің балам өзіме тартқан», – деп өз табағындағы желінбей қалып кеткен еті, майын қамырымен бірге әкеме қарай ұсыныпты. Сонда әкем Қаби ағаны тілімен түйреп: «Қарабектер қайбір шекесін қыздырып ет ассын», – деп ол табақты да сүйкеп соғыпты. Сонда Қаби аға: «Жетімді Құдай тойғызбаса, адам тойғызса ма?», – деп қойып қалыпты.

Әкем, Қаби аға, Ыстанпол аға үшеуі бірге отырса, бірінің терісін бірі сылып, қалжыңмен түйреп отырады. Ал егер үшеуінің қасына басқа құрдастары келіп қалса, үшеуі бір жақ болып, төртінші адамды талап жейді. Осындай қалжыңменен қанша қағытып отырса да, бір-біріне иненің ұшындай өкпе-реніш ұстамаған. Тіпті, Қаби аға мен Ыстанпол аға бір-бірімен құда да болған. Қатты қалжың көтеретін жандар еді.

Қазір осындай қалжың айтатын және оны көтеретін адам азайып бара жатыр-ау. Ол да болса біздің ұлтымыздың ерекшелігі еді. Мәселен, басқа ұлттарда олай қалжыңдасу үрдісі кемде-кем. Қазақ әрқашан бір-бірімен қалжыңдасып, тату-тәтті өмір сүрген ғой. «Бес жас бел құрдас, он жас ол да құрдас». Жезде мен балдыз, жеңге мен қайны, нағашы мен жиен болып бөлініп алып, бір-бірімен ұтымды қалжың айтып, әзілдесіп отырушы еді.

Әкем, әсіресе, жеңгелерімен қатты қалжыңдасушы еді. Сол қасиетіне бола жеңгелері «Мырза жігіт», «Ұзын сары», «Сары бала», «Депутат қайным» деген аттарға ие болған. Тіпті аяғынан жүре алмай қалса да, ары-бері өткенде, жеңгелерін көшеде көріп қалса, оларға қалжың айтпаса жүре алмайтын.

Отбасы, бала-шағасы

Жалпы шешем он бір құрсақ көтеріпті. Әпкеден жетеу, ағадан үшеу. Содан қалғанымыз бес қыз, бір ұл. Әкем: «Баяғыда бір кемпір жүз жасқа келіп, жылап отырыпты. «Апа не арманыңыз бар, бала-шағаңыздың бәрі аман-есен? Немере-шөбере сүйіп отырсыз?» десе, әлгі кемпір: «О дүниеге барғанда, алдымнан бірде-бір балам шықпайтын болды-ау» депті. Сонда кейуананың барлық бала-шағасы аман-есен екен. Оған қарағанда біздің кемпір екеуіміздің о дүниеде бір емес, бес баламыз алдымыздан шығады» деп өзін-өзі жұбатып қоюшы еді. Олардың ішінде Ерболат (1965), Елжан (1973), Мейрамкүл (1977), Тойжан (1979) кішкентай кезінде шетінеген. Ал бесіншісі Ерлан бауырым 1969 жылы туған. 1997 жылы 10-маусымда 27 жасында дүниеден өтті. Әкем үшін ең ауыр қаза – ағамның өмірден озғаны болды.

Төлінің үлкені, тұла бойы тұңғышы **Айгүл әпкемді** әкем нағашы апам жаздырып беріпті. Бірде әкем Қорғас училищесінде оқып жүргенде, ауылға нағашы апамның үйіне келсе, Жібікен апа: «Әй, Бәттал, Еленді (қайынысы) оқудан шығарып әкеп берші, жалғыз өзім әбден қиналдым», – депті. Сонда нағашы ағамыз Елеусіз Талдықорғанда мaldерігерлік техникумда оқиды екен. Әкем: «Жұрт балаларын оқуға түсіре алмай жүргенде, Елеусізді оқудан шығарып алайық дегеніңіз қалай? Одан да Айгүлді алып бақсаңызшы», – депті. Нағашы апамыз күйеу баласы ойын тауып айтқанына қатты риза болып, бір жарым жасар Айгүл әпкемді бауырына салып алыпты. Келесі жолы айналып келгенде, үйге кірмей, терезеден тыңдаса, апам бір адаммен тоқтамай сөйлесіп отырғандай болып көрінеді. Үйде бөтен адам бар ма деп кідіріп тұрып қалады. Зейін қойып тыңдаса, апамыз айналып-толғанып немересін жақсы көріп, сөйлесіп отыр екен. Әкем кіріп келгенде, ес біліп қалған әпкем қалталақтап әкеме қарай жүгіріпті. Ішін сағыныш кернеп тұрса да, әкем балаға қарамай қойыпты. Апам «Алшы, Бәттан, алшы» деп, өзі ақырын ғана сыртқа шығып кетіпті. Апамыз сыртқа шығысымен, қызын бауырына басып, иіскеп, әбден мейірін қандырыпты. Сол баққаннан кейін оқығанша нағашыларым әпкемді бағыпты. Сонда апамыз мейірінгені соншалықты, омырауынан сүт шығыпты. Бірінші сыныпқа барғанша еміпті. Кейін бірінші сыныпқа баратын кезде әкем алып кетпек болып барғанда, нағашы ағам қатты ренжіп, бүк түсіп жатып алыпты. Әкем нағашының көңілін қимай «керек болса, жаздырып ал» деп теріс айналып кетіп қалыпты. Нағашым ертесі барып, документті апамның атына аударып, жазып алыпты. Әкем көзі жұмылғанша Айгүл әпкемді «Жібікеннің қызы» деп айтып өтті. Әпкемді қатты жақсы көріп, еркелеткені сонша, басынан құс ұшырмай, бетінен қақпай өсірді.

Айгүл әпкем 19 жасында Смағұл жездеммен шаңырақ көтерді. Ең алғаш құда келгенде, Жібікен апам «құдаларың Батталғазы мен Тұран, соларға барыңдар» депті. Әкем мен шешем таудан түспей қойыпты. Құдалар – өскен-өнген үлкен әулет. Пейілдері кең, қонақжай, аузын ашса, жүрегі көңелінен жайсаң жандар. Сол көнпейілдіктерінің арқасында нағашыларымен де, әке-шешеммен де теңдей сыйласып, қуаныш-жақсылықтарынан қалдырған емес. Ал жездем болса өмірден өткенше екі жаққа бірдей қызмет қылды. Нағашы ағам қайтыс болғанда, қырқы өткенше сол үйден кетпей, әпкем екеуі көңілдерін аулап, қызмет еткен. Дәл сондай қызметті Ерлан ағам қайтыс болған кезде, біздің үйде жүріп істеп еді. Сөйтсем, адам болмысынан, тегінен жақсы болып туады екен ғой. Жездем өз жұртында да үйдің үлкені болып, кейінгі қарындас-інілеріне қамқоршы, жанашыр бола білген абзал жан еді. Амал нешік? Ол кісі де арамыздан ерте кетті. Иманы жолдас болып, жаны жәннатта шалқысын.

Әпкем мен жездем бір-біріне сай жандар. Екеуін де апалары мен аталары баққан. Жалпы апалар мен аталар баққан балалар өте мейірімді, нәзік жанды болып келеді. Олар да өз тұңғыштарын да ата-енелеріне беріп, екінші баласын нағашыларына, яғни бізге берген. Мен студент болып кеткенде, Нағима жиенім оқуға түскенше, апасы мен атасын қарап, батасын алды.

Бақытғұл әпкем біздің үйдің тұңғышы іспеттес. Бүкіл ауыртыпшылықты, жұмысты әке-шешемнің қолынан алып, кейінгі артынан ерген бауырларына қамқор бола білген әзиз жан. Ұлдың да, қыздың да жұмысын істеп, әбден піскен. Сол пысықтығының арқасында аттың құлағында ойнап, «қыз қууға» да шыққан. Кейін Ердо жездеммен тұрмыс құрды. Әзімақын құдамыз қойын қырықтыратын адам таппай қиналғанда жездемнің киімдерін киіп алып, қой қырқады. Құдамыз қатты риза болыпты. Мен үйленгенше өзінің үйін де, біздің үйді де ақтап, тазалап жуып кетіп тұрушы еді. Қонақ шақырсақ та, жанұялық мәслихат құрсақ та, әкем Бақатайын шақырушы еді.

Әкем барлық құдаларымен бірдей сыйласатын. Әзімақын құдамыз ерте кетсе де, Тұрақан құдағымыз құдамыз орнын жоқтатпай, араласып-құраласып тұрды. Кей кезде Тұрақан



Алыстан Ұлжан қызы келгенде

құдағымыз үйге келіп, өзінің құдағи екеніне қарамастан, жанын салып, қызметін қылып кететін. Соның бәрі әкемнің сол кісілермен сыйласа білгендігінен. Малда жүргенде, жайлаудан келсе, ет, май, қымызын арқалап келіп, арқа-жарқа болып, бөлісіп ішіп жататын. Қолынан келген көмегін аямаушы еді. Әзімақын құдамыз болса, өте ақжүрек, кішіпейіл жан еді. Әкем мені Жаркент интернатына бергенде, басқа адамға емес, құдасына табыстапты. Әзімақын ата құдасының айтқан сөзін бұлжытпастан, мені интернаттан апта сайын алып кетіп тұрушы еді. Сол сыйластық, сол алыс-беріс, әлі күнге шейін жалғасып келеді.

Ердос жездем болса, үйіне барсаң аңқылдап, алдыңнан балаша жүгіріп шығып, қызметін қылады. Тіпті жиендерім Салтанат пен Балауасаның соңғы сыныптарын біздің үйден оқытып, атасы мен апасына қаратты. Бауыржан мен Әділ жиендерім де атасы ауырып жатқанда, бір жағына шығысты. Қай-қайсысына болса да, атасының батасы дарып, сол қайтарымыңды тойда жасайық.

Үшінші **әпкем Ұлжан** 1967 жылы 22 ақпанда дүниеге келген. Жастайынан ерекше болып туған әпкемнің де тағдыры ерекше болды. Тура сөйлеп, әділетсіздікті жаны жақтырмайды. Кішкентай кезімде әпкеме қатты жақын болдым. Әпкем мектепті «өте жақсы» деген бағамен бітірді. Кітап көп оқитын. Әкем өзі оқымаса да, балаларының бәрін оқытуға тырысты. Әпкемді Сұлтанбек ағаның көмегімен институтқа түсірді. Медицина институтына оқып жүріп, Бангладеш деген мемлекеттен келген шетелдік студентпен көңіл қосып, отбасын құруға ниет қылады. Ата-ананың рұқсатын алмақ болып, ауылға шыққанда, бұл хабарды естіген әкем қатты ашуланып, қызын оқудан шығарып алмақ болып, Алматыға қарай бет алады. Әкем Алматыға келіп, Сұлтанбек ағаның үйіне түседі. Әпкем мен жездем ауылға келіп, Смағұл жездемдікіне барады. Әкеме Сұлтанбек аға күйеу баласының жақсы адам екенін, мабылман екенін, бес уақыт намаз оқытындығын айтып, сабырға шақырады. Ақылға салып, асықпай шешім қабылдауды сұрайды. «Егер қызыңыз кейін күйеуге шықпай қалса, өмір бақи сізге ренжіп өтеді» деп айтады. Сонда барып әкем ыңғайға келеді. Әйтпесе, оқудан шығарып алып кетемін деп оқталып келген әкем қайтып келсе, әпке-жездем үлкен әкеміздің үйіне келіп, рұқсат сұрап отыр екен. Бүкіл туған-туысқан, аға-жеңгелеріміз сонда екен. Туған жездесі Смағұл аға әкеме бажасын мақтап, батасын беруді сұрайды. Әкем ақырында батасын беріп, қызын шетелге ұзатты.

Бұл жаңалық бүкіл Жаркент өңірі, тіпті Алматы облысына тарап, неше түрлі әңгімеге арқау болған. «Батталғазы шетелге қызын сатып, бүкіл бала-шағасын, тіпті жиендерін оқытып жатыр» деген тәрізді. Осыған қарамастан әкем бұл әңгіменің ешқайсысына назар аудармай, тек қызының қандай жерге тұрмысқа шыққанын, қалай өмір сүріп жатқанын кезімен көрмедім деп уайымдап өтті. Әкем «қызының артынан іздеп келмеді, сұраушысы жоқ екен» деп айтпастың, барып қайт» деп маған қолқа салды. 2008 жылы жолдасым екеуіміз әкемнің өтінішін орындау үшін Бангладешке барып, 21 күн жүріп қайттық. Әкем ел-жұрттың батасын алып, шығарып салды. Бауыр еті баласын алыстағы шетелге жіберген әрбір ата-анаға оңай емес қой. Әкемнің сол алыста жүрген қызы әр түрлі жағдайларға байланысты араға 5-6 жыл салып келіп отырғаны қабырғасына қатты батса керек. Мен үй болып, етек-жеңімді жинағанда, әпкемнің артынан іздеп баруымы осы жағдайлар тікелей себеп болды.

Бангладеш мемлекеті дүние жүзінде халқының тығыздығы жөнінен бірінші орын алатын (150 млн халқы бар), аумағы Алматы облысының көлемінен кішкентай, шағын ғана мемлекет екен. Әпкем мен жездем бізді өте үлкен құрметпен қарсы алды. Әсіресе, жездемнің қуанышында шек болмады. Бүкіл туысқандарын, жора-жолдастарын аралатып, бізді таныстырып шықты. Халқы қарапайым, қонақжай, еңбекқор келеді екен. Сәті түсіп, жездемнің нағашысының баласының да тойына қатыстық. Бүкіл салт-дәстүрін, жөн-жоралғысын, ырымдарын аз ғана уақыттың ішінде көзбен көріп, куә болдық. Әсіресе, әпкемнің әкем айтқандай, мерейі

үстем болып, артынан іздеушісі келгеніне қатты қуанып, абыройы асқақтап жүрді. Бірақ, әпкем бұрын да әкемнің айтқан ақылмен біздің отбасының ғана емес, бүкіл қазақ деген елдің абыройын түсірмей, қорғап жүр деген тілегін орындауға тырысып бағыпты.

Әкем алысқа қанат қаққан қызына: «Қызым ол елге балдай батып, судай сіңу үшін алдымен тілін үйрен, салт-дәстүрін игер. Ұяда көрген барлық жақсы тәрбиенді сол жерде көрсет. Ата-ененді сыйла, қызмет қыл», – деген. Әпкем ата-енесін ауырып, хал үстінде жатқанда өзі қарап, ақтық сапарға шығарып салыпты. Ол жақта, көбінесе, бұл шаруаны жалдамалы қызметшілер атқарады екен. Осы еңбегі үшін әпкемнің абыройы артып, сыйлы келін атаныпты. Дәл осы әңгімені әкеме жеткізгенде, әкем іштей разы болып, еңбегі мен тәрбиесі еш кетпегеніне көзі жетіп, қатты қуанды. Тағы бір айта кететін жайт, Бангладештен кетуге бір күн қалғанда, әпкеммен таңға дейін сырласып әңгімелестік. Әпкем өзінің өмірі жақсы өтіп жатқанын, жақсы жерге келіні болып түскенін айтып, мақтанып отырды. Әсіресе, қайын атасы елге сыйлы, үлкен қызмет жасаған адам болғанын жеткізді. Сол елдің тарихында ойып орын алған тұлға екен. Өз уақытында Бангладештің тәуелсіздігі үшін күрескен қайраткер. 1972 жылы тәуелсіздігін алғаннан кейін сол елдің қорғаныс вице-министрі, индустрия министрі болған ірі адам. Енесі де өте мейірімді, жүрегі жұмсақ ізгі жан болғанын тілге тиек етті. Бірақ екеуі де ерте көз жұмған. Балаларының қызықшылығын көре алмай кеткені өкінішті.

Сол түні сырласып отырғанда әпкем: «Осы Бангладештегі ең қымбат нәрсе не деп ойлайсың?» – деп сұрады менен. Мен ойыма әртүрлі нәрсені келді, тұшымды жауап бере алмадым. Әпкем өзінің жатын бөлмесіндегі сейфтің ішінен пакетке салынған бір зат алып шықты. «Бұл не?» – деп сұрадым. Пакеттің ішінен тасып кеткен көне целлофанға оралған топырақ шықты. Сөйтті де әпкем көз жасына ерік берді. «Бұл топыраққа менің талай көз жасым тамды. Көкірегіме қысып, сырымды айттым. Сарғайған сағынышымды басқан туған жердің, оның ішінде Әтеке атамыздың үйінен алған топырақ деді. Бұл топырақты кім берді дейсің бе? Ауылдан мені шығарып салуға бір автобус адам ырду-дырду болып, көлік жүрейін деп тұрғанда «Тоқтаңдар!» деп Ерлан бауырым елді тоқтатты. Әтеке атамыздың үйінен барып жарты пакет қылып топырақ салып әкелді. Бұл сол – топырақ. Ел-жұрттың сағынғанда иіскеп жүр деп еді. Сөйтсем... өзі де топыраққа айналды. Қайран бауырым мәңгі жүздеспейтінімізді біліп, әкеліп берген екен ғой. Бұл топырақ мен үшін осы жердегі бүкіл заттан қымбат, әрі қасиетті. Одан бөлек бауырымың маған деген құрметі. «Туған жердің бір ұыс топырағы бұйырмады деп айтпастың» деп берген шығар, сірә...».

Әкем жиендерін ерекше жақсы көрді. «Мирастың бәсіресі» деп біресе тай, біресе қой атап, осыны жеп кетсін деп ырымдап отыратын. Кейін үлкейгенде, Мирас пен Нәзияны Қазақстанға алып келуге барын салды. Мирасқа қазақпен құда бол деп, Нәзияны осында келіп, университетте оқысын деп кеңес беріп жүрді.

Өзі ауырып, хал үстінде жатқанда да, екі сөзінің бірін алыстағы Ұлжанын сұраумен болды. Сол арада Нәзия Назарбаев Университетіне түсті деген хабарды естігенде, әкем қатты қуанды. Әкемнің тілеуі орындалып, Ұлжан әпкем Қазақстанға келіп, әкемнің көзі жұмылғанша қасында болды. Тіпті, өз қолымен шығарып салды десек те болады.

Ерлан бауырым бес жасқа келіп, сүндет той жасағанда, әкем мен шешем бар жиған-тергенін шашыпты. Ол кезде кафе, тіпті палатка деген де жоқ заман екен. Әкем әлі үй де салмаған кез. Келген қонақтарды үйге сыйғызу үшін қатарынан төрт үйге дастархан жайыпты. Ұлан-асыр той жасапты. Сол кездегі жалғыз ұл болғандықтан шығар, әкем бауырымды қатты еркелетіп, бетінен қақпай өсіріпті. Өзінің баласы емес, Әтеке ағасының баласы деп сол үйге теліп қояды.

Қай-қайсысымызды болса да алыстан оқудан келсек, «әкеннің үйіне бар, амандас» деп ағасына, жеңгесіне деген құрметті санамызға сіңіріп өсірді. Ерлан бауырым әкемнің өмірінде ерекше орын алған баласы десем артық емес. Ұлдың үлкені болғандықтан ба, жоқ әлде өзі әкеме жақын болып өскендіктен бе, түр-тұлғасы, мінез-құлқы әкеме қатты ұқсағандықтан ба? Әкем Ерлан ағамды қатты жақсы көрді, қатты еркелетіп өсірді. Өзі әкем сияқты қалжыңдас, жүрген жерін думандатып, өлеңдетіп, әндетіп, отырыстың сәнін кіргізіп, әрдайым көңілді жүруші еді.

Ерлан ағам үйленгенде, әкем мен шешем қуанғаны сонша, түнімен ұйықтамай жүріп еді. Жеңгем Суанның ішінде Қошқар елінің қызы еді. Әкем ұлан-асыр той қылды, немере сүйді. Атын Айжан деп қойды. Бірақ қуаныш ұзаққа созылмады. Немере қызы тоғыз айлығында шетінеп кетті. Араға жеті ай салып, өзі де қайтыс болды. Әкеме Ерлан бауырымының ажалы қатты батты. Қайтыс болған түні екеуіміз мәйітті күзетіп шықтық. Сонда әкем күні-түні ұйықтамай, жоқтау айтып жылағанда, сай-сүйегіміз сырқайды. Ішіндегі зар-мұңын, өкінішін өлең жолдарына айналдырды.

Ерланнан кейін туған **Балжан әпкем**, мінезі тұйықтау, өте момын, салмақты. Түрі әкемнен айнымағанымен, мінезі шешеме тартқан. Әкем «менің жеке меншік қызым» деп қатты еркелететін. Әпкемнің барған жері – өскен ауылы. Атасы Қоңырөлең совхозының атақты қойшысы болған. Әпкем келін болып түсіп, биесін, сиырын сауып барлық тірлігін істегенде, атасы риза болып, әкі әкесіне, яғни Әтеке атам мен әкеме екі ат мінгізем деген екен. Ол аттары әкеме мінгізіп, атама мінгізіп үлгермепті.

«Апама жездем сай» дегендей жездем де өте момын, қой аузынан шөп алмайтын, жуас жандардың қатарынан. Әпке-жездем мен оқуға түскен кезден бастап, келін түсіргенге дейін әке-шешеме қарап, біздің үйде тұрды. Өздері көшіп кеткеннен кейін де, үлкен қыздары Ақерке атасы мен апасының қолында тұрды. Онының сыныпқа дейін оқып, ата-әжесінің тәрбиесін алып, қызметін қылып, батасын алды. Бүгінде Ақерке – бір баланың анасы. Барған жерінде ата-әжесінен алған тәрбиесін көрсетіп, жақсы келін атанып жүр.

Өзіме тете **әпкем Бағлан** – қыздың кенжесі, үйдің еркесі болған. Ерлан бауырым «Бұйрабасым» деп еркелеткен. Әпкемнің барған жері – Елшібек ауылы. Атасы өте жақсы адам болған екен. Қазір бес баланың анасы. Үлкендері Ақжол мен Айнұр да атасы мен апасының тәрбиесін алып, біздің үйде екі-үш жыл тұрып, оқыды. Кейінгі жылдары Ақжол менің бір жағмына шығып, атасын қарап, менің көмекшіме айналды. Әкесі мен шешесі Ақжолды бізге еншілеп берді. Ақжолды өзін тәрбиелеп, өмірге бейімдеп, терішілік кәсіпті үйретіп жүрмін. Екі жыл бұрын Ақжол үйленемін деп айтқанда, ең бірінші қолдау көрсеткен ата-сы еді. Содан ұйғыр ағайындармен құда болдық. Дүркіретіп той жасап, Гүзел келінімізді түсірдік. Құдаларға ерекше құрмет көрсеткен атасы еді. Ұйғырша өлең айтып, бір-екі ауыз сөйлесіп, солардың көңілін аулап, құдалармен араны қызындата түсті. Құдалар да сондай ақжарқын, қонақжай, абзал жандар болып шықты. Айналдырған бір жылдың ішінде әкем етене жақын араласып үлгерді. Атасы қайтыс болардан бір жыл бұрын Мүслім деген шөбересі дүниеге келіп, атасы батасын беріп үлгерді.

Үміт деген жиен қыз Айгүл тәтем мен Смағұл жездемнің

кеже қызы. Оны да атасы мен апасы бауырына салып, тіпті атына жазғызып алды. Үміттен үлкен Қалима деген қыз қатты ауырып, әпке-жезде ары-бері қаратып, әуреге түскенде, Үмітті біз бағып алдық. Атасы мен апасы Үмітті қатты еркелетіп өсірді. Ерлан бауырым да Үмітті қызым деп, басына көтеріп жүретін. Ерлан бауырым қызы Айжан дүниеден өткенде, Үмітті көңіліне медет қылып, әрі артын-да ұрпақ қалмайтынын сезсе керек, Үмітті өле-өлгенше «қызым-қызым» деп бауырына басып, біздің көңілімізге түйіп, шегелеп кетті. Сол үшін де Үмітті Ерланның қызы деп айтамыз.

Үміт мектеп бітіре салып, медколледжде оқып жүргенде, Айдар деген жігітпен сөз байласып, тұрмысқа шықты. Қазір екі ұлдың анасы, бір әулеттің қара шаңырағын ұстап отырған келіні. Күйеу баламыз Айдар – ақыл тоқтатқан шаруаға бысық жігіт. Атасы Үміттің отбасылы болып, бала-шағалы болғанына қатты қуанып жүретін. Аптасына бір рет Үмітпен сөйлесіп, даусын естимесе, тұра алмайтын. Апасы да Үміттің дауысын естисе, ет-жүрегі елжіреп, басқа қыздарына қарағанда ұзағырақ сөйлеседі.

Әкем бәрінен де ең жақсы көретін адамы – **Шәмшат** еді. «Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан» демекші, Шәмшат келін болып түскен жылы өте берекелі жыл болды. Астық мол болды, тіпті үйдегі салған бақша да бітік болды. Он төрт жылдың ішінде Шәмшат атасының жағдайын өбден біліп, түсінгені соншалық, атасының ар жағын айтқызбай біліп, жағдайын жасап отырды.

Біз үйленгеннен кейін алты айдан соң, енем ауыр сырқаттан дүние салды. Әкем өзінің денсаулығының жоқтығына қарамастан, ақ қар-көк мұзда Естөре бауырымның машинасын жалдап, «тым құрығанда жетісіне үлгерейік» деп бір малын сойып алып, барып қайтты. «Осындай кезде бармасам құдалығыма сын болады» деп шешемді, Ердо жездемді ертіп, жетісін өткізіп, көңіл айтып қайтты. Осы сапарынан-ақ әкемің қандай адам екенін құдалары біліп, әкемді қатты құрметтеп өтті. Әкем «жеті құдам бар, жетеуі де туған құдамдай сыйласады» деп құдаларын жер-көкке сыйғызбай мақтап отыратын. Әсіресе, ең бірінші құда болмай тұрып, есік көрген Бауыржан ағаны «жеке меншік құдам» деп, басына көтеретін. Телефон арқылы Ержан құдасымен сөйлесіп, бірге ән де айтатын. Бәрінен бұрын құдағиын қатты жақсы көрсе керек. Телефон тұтқасын апамыз көтерсе болды, «Айым да сен, Ғалия» деп ән арнап отырушы еді. Әкем қатты ауырып жатқанда қайын атам хәлін сұрап келді. Бізге «құдаммен бірге ары-бері алып жүр» деп өтініш жасап, Текелінің тауына бірге шықты. Құдасы қайтатын кезде «тәңертең мені отындар, құдаммен бірге шай ішейін» деп өтініш жасады. Біз әкеміз қатты ұйықтап жатқандықтан оятпады. Тек құдасы қоштасуға кіргенде ғана ояттық. Әкеміз құдасымен бірге шай ішпегеніне қатты ренжіді. Сөйтсек, құдасымен соңғы рет дәмдес болып қалғысы келген екен. Араға бір ай салып өзі өмірден озды.

Мен жұмыс бабымен көп сыртта жүрдім. Тіпті шетелге кеткен кездерім де болды. Сол уақыттарда үйдің бүкіл ауыртпалығын көтеріп, атасы мен апасының жағдайын жасап, балаша баптап, күтіп қараған Шәмшаттың еңбегі шексіз. «Атақ Абайдікі, еңбек Құнанбайдікі» демекші, әке-шешесін бағып жатыр деген атақ Нұрмандікі да, еңбек Шәмшаттікі. Сол үшін де атасы Шәмшатты ерекше жақсы көрді. Батасын үйіп-төгіп беріп кетті.

Өмірінің соңғы жылдары

Әкем жалпы ерекше туған адам деп ойлаймын. Себебі, өзінің өмірден өтетін жасын осыдан отыз шақты жыл бұрын біліп, ылғи айтып жүретін. Ауылдың ақсақалы Иманғали ата қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай әкем түс көреді. Түсінде әкем Иманғали атаның мотоциклын мініп жүріпті. Осы түсті әкем өзіне жорып, «мен Иманғали шалдың жасына келіп өмірден өтеді екенмін» деп айтып жүретін. Айтқанындай әкем 82-ден 83-ке қараған жасында өмірден озды. Өмірден өтетін жылы денсаулығы сыр бере бастағанда, маған тікелей айтпаса да, үлкен әпкем Айгүлге мамыр айында «Мен быыл өмірден өтемін» деп болжамын айтыпты. Сол айтқандары айдай анық келді. 2017 жылдың қазан айының жиырма жетісінде Талдықорған қаласының емханасында қайтыс болды. Ол кезде мен жұмыс бабымен Талдықорғанның жанындағы Текелі деген қалада тері илейтін цех ашып, жұмыс істеп жүргенмін.

Әкем Тараздан Талдықорғанға көшіп келгеніне қатты қуанып жүрді. «Елдің шетіне келдік. Қисая қалсам, қиналмай апарып қоясыңдар» деп іштей қуанған болса керек. Менімен бірге күніге жұмысқа барып, жұмыстағы адамдармен сөйлесіп, цехты аралап, істеп жатқан жұмыстарыма ризашылығын білдіріп отыратын. Әсіресе, жұмыс жасап жатқан өзбек балаларды қатты жақын тартып, өзіне бала қылуға шақ қалатын. Олар да «ата келді» деп қолпаштап, ары-бері алып жүріп, дәретке отырғызып, кішкентай балаша баптап қарайтын. Одан басқа да ағайындарды жанына баурап алатын. Біреуін құда, біреуін жекжат, біреуін туысқан, біреуін күйеу бала деп мақтап, мөпелеп отыратын.

Әкем өмірден өткенше «қара кемпірдің алдында, бала-шағамның қасында жатып, Алла Тағала жанымызды қинамай алса екен» деп армандаушы еді, сол тілегі қабыл болды. Тіпті алыстағы Ұлжан қызы да қасында болды. Бала-шағасының жақсылықтарын көріп, ешқайсысына кедергі жасамай бұл өмірден аттанды. Айтар болсақ Айгүлдің қызы Қымбаттың ұзату, үйлену тойы өтті. Балжан әпкемің қызының ұзатуы мен құдалығы болды. Бағлан әпкемің немересі туды. Ең соңында Дидахмет баласының туған күнін өткізіп барып, Іңкәр қызым Астанадан каникулға келгенін күтіп жатқанда, (27-не билет алып қойған едік) қазанның 27-күні дүниеден өтті. Елдің бәрі «не деген тілеуі дұрыс адам» деп таң қалыпты. Осындай әкемің болғанына мен өзімді бақыттымын деп санаймын. Әкемің жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы жолдас болсын. Әкемің дүниеден өткенде жан тебіреністен шыққан мына өлең жолдарын әкемің аруағына арнаймын.

Әкеме

Жақсылықтан басқаны көксемеген,
Адалдықпен еңбекті екселеген.
Әкешім, асыл едің нар тұлғалы,
Ел-жұртына, халқына еркелеген.

Ағайын мен туысты жақындатқан,
Тең көрген барлық жанды араласқан.
Адамды жақсы көріп, баурап алып,
Көмегін беруші еді аямастан.

Рухың кетті ұшып, көтеріліп,
Жұмақтан орныңды, әке, етем үміт,
Жақсы адамның болады туған күні,
Өлген күні болмайды деседі жұрт.

Иманың жолдас болсын, әкетайым,
Жәннаттың төрі болсын жатқан жайың.
Әруағың разы болсын деп сұраймыз,
Алладан дұға тілеп жұма сайын.

Нұрман НҮПТЕКЕЕВ

ЖАНСЕБІЛ

(әңгіме)

– Сарыөзекке баратын кім бар?.. Сарыөзекке баратын кім бар?..

Жер түбінен шыққандай құмығып естілген дауыс жолаушыларды еріксіз жалт қаратты. Алдымен вагон жағалап ілбіп келе жатқан кең-мол етектегі орыс кемпір көрінді. Одан соң кішкене дөңгелектері ұршықтай зырқыраған қоларба көзге шалынды. Арба үстіндегі құндақтаулы қазақтың екі аяқ, екі қолы жоқ екенін де жұрт содан соң барып байқады. Вагон терезелеріне үміттен тесілген мүсәпір жанның дауысы төбе-құйқаны шымыр еткізерліктей жалбарынышты еді.

– Сарыөзекке баратын кім бар?.. Сарыөзекке баратын кім бар?..

Кемпір белін жазуға тоқтап, бір күрсініп алды да, иығына батқан жіпті толғай тартып, ілгері қозғалды. Жұрттың өздеріне аяушылық танытқанына еті үйреніп кеткен тәрізді. Ығысып жол бергендері елең қылған жоқ. Қолтығынан демеп жібергісі келіп ұмсынғандарға бұрылып қарап та қоймайды. Өзі ыңғай білдірсе, шалды арбасымен қоса пойыздың мына басынан ана басына дейін тік көтеріп апарып тастау бұларға түк емес. Өйтсе шалының көңілі жасып қалатынын әуелден-ақ сезген. Отынға барып келгендей, шәниіп жатысын қарашы, тіпті. Айғайлауға да ерінеді, о, құрған.

Бұл енді шалын еркелеткен түрі. Әйтпесе, ол сорлының пойыз тоқтап тұрғалы бері жағы семген жоқ. Сарыөзекке баратын біреу табылса, бірге ілесе кететіндей жанығады. Көзінің алдындағы күлтілдеген ісігі тарқап, сарғайған өңіне ептеп қан жүгіріп қалыпты. Кескен томардай кеспелтек дене дауыстап үн қатқан сайын зілсіз талпынады.

– Оу, жұртым, араларыңда Сарыөзекке баратын ешкім жоқ па? Түкірсең түкірігің жететін жерден әрі аспай, қадамы қатып қалған бұл неғылған ел?!

Ғаріп шал өнбес тірлігінен түңілгендей күңіреніп кетті. Оған да құлақ асар жан болмаған соң, үнін жұтып, амалсыз ауыз жапты. Қайтып жақ ашпай, түпсіз аспанға тесірейіп, жүзі сұрланып, безеріп жатып алды. Манағы өз сөздерін қайталап: «Сарыөзекке баратын кім бар?..» – деп сарнаған кемпірдің дауысын да естігісікелген жоқ. Көкейінде есейген шағынан бергі бар ғұмырын жоғе өткізген кемпір бөтенсігендей, соншама жыл жіпсіз байлаған суық өлкені жатсырағандай тосаңдау бір сезім пайда болды. Бұдан қырық-елу жыл бұрын өлім жазасына кесілген он адамның түн ішінде тап осы стансаға жеткізілгені де қос қабат есіне оралған. Үкім орындаушылардың өздерін вагоннан желкелеп түсіргені, табандары жерге тиісімен орманға қарата шұбыртып әкеткені күні бүгінгідей көз алдында. Қашан стансадан алыстап кеткенше асықтырып, мылтық ұшында ұстап еді. Үңірейген ұңғыны сүрінген жерде жауырыңға тіреп, зэрелерін ұшырған. Мың өліп, мың тіріліп, қалың қарағайлы орманға жеткен соң да жетіскендері шамалы. Ажал аузында жандарын шүберекте түйіп, қалың орманды түкпірлеп ұзай берген. Маңдай тұстан ағарып атар таңды ғана медеу тұтқан, үміт еткен.

Дәм-тұзы таусылуға таянған адамның арайлы таң шапағын бір көріп қалғысы келетіні несі?! Түн қараңғылығын серпіп тастап, алыс көкжиектен саумалдап құйылар ізгілік нұрын аңсай ма, әлде. Әйтеуір мына жарық дүниеде қара күш пен қаскөйліктен басқа қайырымдылықтың барына да көздері жетсе, көңілдері тыншығардай болады. Өзінің артында қалып бара жатқан қимас тіршілікте ізгілік нұрының сөнбеуін тілейді. Сол кездегі оның өмірге деген жүрек қанындай ып-ыстық махаббатын тілмен айтып жеткізу қиын. Ол үшін енді жан дүниесін сәулелендірген ізгілік нұрынан қымбат ештеңе жоқ секілді. Етігіне жабысқан ми балшықтан аяғын әрең суырып, желең көйлегін сұп-суық жел кернеп, өлімге бет алып бара жатқан адамның ізгілік нұрына соңғы рет табынуы шығар, бәлкім, бұл.

Жол бастаушы омырауын қымтанып, мойнын ішіне тартты. Үстіндегі қара киімді осы жолға әдейі таңдап кінгенге ұқсайды. Тұтқындар оның түрін әлі анықтап көрген жоқ. Белі қыңдырдай, иығы қушиған арық кісі. Екі қолын қалтасынан шығармаған күйі, шалшық суды шалпылдата кешіп барады. Екпіндеп, аршындай адымдаған жүрсінен жаңылатын емес. Қалай қарай бұрылатынын, қашан, қайда тоқтайтынын өзі ғана біледі. Оның табан тіреген жері кісендері шылдырлаған ақ кебінді бейбақтарға дүниенің шетімен бірдей. Бұлар өздерінен бұрын атылғандардың рухымен сол жерде қауышады.

Қара киімдіні өкшелеп келе жатқан жауырыны қақпақтай шойқара жігіттің ұлты қазақ. Өңгелерінен денесі ірі болған соң, көгенқосақтың алдына әдейі шығарған. Маңдайы жарық азамат былайғы өмірде де топ бастайтын серкедей еді. Көлеңкесінде қалған біреу сыртынан саусағын шошайтып жіберді. Саусағы сыңғырдың саусағын неге сындырмады бір талдан?! Бүйтіп итжеккенге сүйретілгенше, сол жерде жастығын неге ала жатпады?!

Ол қолындағы кісенін шықырлата жұлқып қалды. Қара киімді жол бастаушының жауыры дір ете түскендей болды. Екеуі әлденені іштей ұғысты. Бірақ, осы қимылымен бұл не айтты, анау қалай қабылдады, анау не айтты, бұл қалай қабылдады, оны екеуі де анық болжай алған жоқ. Тек қара киімді оқыс қимылдан тіксінгендей, аяғын тез-тез басып ілгері кетті. Тізесінен төмен түскен ұзын қара сулығынан сорайған бойы одан сайын ұзарып көрінді. Шойқара қазақ оны осы жолы артына қарар деп күткен. Жол бастаушы иығын манағыдан бетер қушитып, жағасын көтеріп алды.

Шойқара ту сыртынан біреудің күбірлеп сөйлеген дауысын естіді. Өзін қолдап, тағы біреу қолындағы кісенін шылдырлатты. Оған тағы біреу қосылып, басқалары оны іліп әкетті. Артына жалт қарап, арып-ашқан тұтқындардың арасынан шаттана шамырқанған біреудің ақсары жүзін көрді. Бір көзі шытынаған оймақтай көзілдіріктің ар жағынан отты жанарлар жалт ете қалғанға ұқсады. Ақырын, бірақ бірқалыпты естілген

кісен шылдыры көгенқосақты бойлап, үндесе, жалғаса барып, қарауытқан орман арасына, түн қойнауына жұтылып кетіп жатты.

* * *

Ол пойыз доңғалақтарының дүрсілін елден бұрын естіді. Аяқ-қолдан айырылғалы бері құлағы сақ. Үйде жатып түзден дыбыс аңдытып қойған құсалы өмірдің мазағы болар. Әйтеуір, тықыр еткенге алдымен өзі бас көтеретін. Келгенді күтіп, кеткенді шығарып салуға дәрмені жоқ. Ондай өлшеусіз бақытты тағдыр маңдайға жазбаған. Жұрт жапырыла қараған жаққа ол да мойнын бұрды. Шойын жолға тас кенедей жабысып алға жыланқұрт шұбатылып жақындай берді.

Жер тітіреп, шалдың қоларбасы да дір-дір етіп барып басылды. Атам заманғы ескі пойыз алыс жолдан арығандай, арса-арсасы шығып, соңғы күшін сарқа итіңдеп келіп, итиіп тоқтады.

– Әй, тарт!.. Тартсаңшы!..

Шал пойыз жүріп кететіндей талпынып, айғайлап жіберді. Кемпір қапылып, орнынан екі ұмтылып әзер тұрды. Биылғы көктем оны жылдағыдан көп әлсіретіп тастағаны екен. Сірә, енді оған да дүниенің шеті көрініп қалған шығар. Бойына шақтап жинаған көр-жерін анда-мұнда тықпыштап жүргені тегін болмады. Әділетіне жүгінсе, одан бұрын өзінің жамбасы жерге тиюі керек. Әйтпесе, ғаріп шалдың күні қараң. Қылаяғы сәлеміңе дейін сатулы қазір. Кемпір өлсе, бұған қарайтын басқа кім бар.

– Мына неменің үні неге өшті? Тірі ме өзі?

Кемпір бүгежектеп, артына қайырыламын дегенше біраз жұрт пойызға да мініп болып қалды. Ақырын жылжып келіп, тілерсегінен қаға тоқтаған қоларба онсыз да әрең тұрған байғұсты жалпасынан түсіре жаздады. Шал дегбірісідене, арбасын селкілдете бұлқынып, кемпірдің екі аяғын бір етікке тыққандай қылды. Ол шалына алара бір қарап алды да, қоларбаны жұлқа тартып, вагон жағалатып сүйрей жөнелді.

– Қайырымды жолаушылар, маған Сарыөзекке баратын біреуді тауып беріңдер. Ешкімнің ақысын жемеймін. Жүгімді арқалатып әуреге де салмаймын. Қайырымды жолаушылар...

Жоқ қой, бұлардың арасында Сарыөзекке баратын ешкім жоқ. Болмаса, ғаріп шалдан ақы дәмеппей-ақ, қолын беруге әркім дайын. Әне, ана біреуі қайыр-садақа тастап кеткісі келіп, қалтасының түбін қақты. Арба сүйреген бүкір кемпірдің қайыр сұрап жүрмегенін байқап, қолын тез тартып алды. Шалды мүсіркегендей,



жанынан өтіп бара жатып, бетіне сонша тесілді.

– Көрмеге қоюға алып шықты ма екен... Обал-ай тегі...

Мұндайда бүкір кемпір ештеңе естімегендей қалып танытып, үндемей құтылатын. Кемпірі естімеген нәрсемен шалдың да жұмысы жоқ. Аяқ-қолының саулығын малданған ақылы кем итке сөз шығындап қайтеді. Тарт-әй, кемпір, тарт. Тездетсеңші кішкене, құдай-ау. Өзің тілеп алған азаптан қайда қашасың енді. Қырық жыл сүйредің ғой. Тағы сүйре!..

– Сарыөзекке кімнің жолы түседі? Жөндеріңді айтыңдар. Ақысын төлеймін. Қанша сұрайсыңдар, ал. Бір адамның жолпұлын төлеуге шамам жетеді. Әй, кемпір, солай деп айтыңшы мыналарға. Сарыөзекке дейін де. Сарыөзекке дейін.

– Несіне қайталай берем оның. Құлағы бар елестігенде.

– Өй, қақпас, бұдан кейін пойыз жоғын білемісің.

– Түнде тағы біреуі жүреді.

– Түнге дейін тосарсың, атаңның басы.

– Е, тоспағанда...

– Сарыөзекке баратын кім бар?.. Сарыөзекке баратын кім бар?..

Ескі пойыз сілкініп қалып, орнынан тебіне қозғалды. Қос бүйірін тепкілеп, жүрсін жылдамдата түсті. Екпінінен жел тұрып, доңғалақтары дүрсіл қағып, жандарынан шұбатылып өтті. Үміті біржола үзілгендей, дауыстап жылап жіберді.

* * *

Көкжиекті алба-жұлба бұлт жаулап алыпты. Арбайған-жарбайған бір пәле көзге елестейді. Атып келе жатқан таң да ала-құла. Ол таң шапағын көре алмағанына кәдімгідей қапа болып қалды. Ендігі өмірінің бәрі осындай сұрқай дүние құшағында өтетіндей көрініп кетті. Қалғандарының ойында не бары беймәлім. Қосақтағы серігінің жирен мұрты, сары шашы үрпі-түрпі. Тірі өліктей түсі суық, қорқынышты. Жағы суалып, көзі шүңірейіп ішіне кіріп кеткен. Одан кейінгі тұтқынның да өңі қан-сөлсіз сұп-сұр. Көгенқосақты ұзартқан өңге тұтқындар да көрден тұрып келгендей жан шошырлық кейіпте. Арыған, азған адамдардың жүзінен осы түні шексіз азапты бастан өткергендері аңғарылады. Қабақтарына қайғы қатып, қасірет қан жұттырғандай түнереді.

Оқ өтінде тұрғандай, тізесі дірілдеді. Жанарының отын шошына жалт еткізді. Дәп қазір бұған мылтық кезеген ешкім жоқ. Орман арасындағы шағын елдімекенге жанас

тоқтапты. Қара киімді жол бастаушы жүзін көрсетуге жасқанғандай әлі сыртын беріп тұр. Шеткі үйден басына қызыл орамал тартқан келіншек шығып, осылай қарай жүрді. Сәнденгені ме, бойын түзеп, аяғын қайшылап басады. Ескі таныстарын көргендей, еркелегендей, тым жайбарақат, сылқым. Қолдағы шылдырлаған кісеннен түйк те тіксінебейді. Оның да еті үйреніп кеткен болды.

Мәссаған!.. Қаншауын әкелген?! Біз еркек көрмегелі қашан. Бәріңді бірдей алып қалайын ба осы, ә?.. Жер жұртқызып, картоп екізем... Сібір деген жердің қандай екенін білесіңдер ме?.. Мұнда қазір өңкей еркексіреген қатындар тұрады... Еркектердің бәрі қырылып таусылып болды... Соғысқандар да осы жерге келеді, қашқан-пысқандар да осы жерге келеді... Самогонымызды ішіп, ұзақ қысқа сақтаған азық-түлігімізді жеп, ақыр аяғында еркектерімізді атып кетеді...
Жұмыр иығынан жамылғысын төмен сырғытып жіберіп, шойқара қазаққа әдейі сүйкеніп өтті. Түнімен жол тосып, далада тұрғандай денесі таскесек. Оған қарағанда өз бойының кәдімгідей қызынғаны білінеді. Тынымсыз ұзақ жүргендіктен ептеп маңдайы тершіген. Аттай жарап, жұтына қалыпты. Әлде, әйел баласы сүйкеніп өткенге қунақ тартты ма. Әйтеуір, жарық дүниеде ас ішіп, аяқ босатқаннан басқа тағы бір қимасының бар екенін түйсінді. Айдалада кезіккен әйел баласының оқтау жұтқандай қақшиған жол бастаушымен әмпей-жәмпей бұла қалғанын көріп, ішіне шоқ түскені де содан.

Екеуі әлденеге келіскен сыңайлы. Ежелгі таныстар ғой шамасы. Үй иесі жалғыз қайтқанмен, қабағы ашық, көңілді. Жол бастаушы бір қырындап, тұтқындарды алыстан орағытып барады. Өлім жазасына кесілгендермен жүздесуден әлі де тайсақтайтын секілді. Қарғыстан қорқа ма, онысы несі. Өмірде қайтып кездеспейтіндері де анық. Қан сасыған қарау тірлігінен жиіркенер, бәлкім. Тұтқындардың өзіне жеккөрінішпен қарағанын да ұната қоймас. Өлімге бас тіккен жандардың нұрсыз суық жанарларынан, қабарған түрлерінен шошып, жүрегі шайлықты ма екен.

Жол бастаушы екі бүктетіле еңкейіп, ішке кіріп кетті. Қыр желкеден үңірейе төнген ұңғылар төмен түсіріліп, тұтқындардың да мойны босады. Ажалдың жүзі тайғандай, еңселері көтеріліп қалды. Төргі бөлмеге аяқ жетпей, ауызғы үйдің дәліз жақ бұрышынан орын тиді. Ұйқыға мас болғандай, қосақ-қосағымен жалаңаш еденге айқаса құлап, қорылға басты. Жамбасына тас батқандай дөңбекшіп, көз ілмеген жалғыз өзі ғана. Түпкі бөлмеден естілген күбір-сыбыр одан бетер ұйқысын қашырды.

Құлағына сыңқ-сыңқ күлгендей, сыңсып жылағандай да бір үн келеді. Осы үн ақыл-есінен айырғандай, өз деміне өзі тұншығып, жұдырығын тістелейді. Еңбектеп барып, түпкі бөлменің есігін тырналағысы бар, тоқпақтап ұрғысы бар. «Қинамашы!.. Қинамай атып тасташы», – дегісі бар. Сонымен бәрі де ұмытылар еді. Таң шапағын бәрібір көре алмас. Күн бұлұңғыр, ауаны дымқыл сыз жайлаған. Алба-жұлба бұлт, ала-құла таң.

Сыңсып жылаған мына бір үн де маза бермеді.

* * *

– Атаңның көрі! Сен болмағанда, жаңағы пойыздан құдайына қараған біреуді таппаймын ба! Елге сәлемімді жеткіз демеймін бе!

– Мен не кесір жасадым саған?

– Білем мен сені. Сарыөзекке баратындарға әдейі жолықтырғың келмей жүр.

– Иә, ілесіп кетесің бе деп қорқам.

– Кетсем кетесің бе.

Айтарға сөз таппай, ашуға булығып, дымы өшті. Көпке дейін тіл қатыспады. Түнгі пойыз келгенше талай уақ. Кештің батқаны жаңа. Ел аяғы басылып, жым-жырт тыныштық орнаған. Бірлі-жарым жолаушы уақыт өткізе алмай бос сенделеді. Бұлар үйге қайтса, стансаға қайтып жол түсуі қиын. Аяғы сау адамға тиіп тұрғанмен, оларға мына станса жердің түбі. Шыдайды, шыдамағанда қайтеді.

Сырт кейпі шопырға ұқсайтын, кепкісі мыжырайған, былғары күртесі май-май жігіт ағасы жасқаншақтай келіп, жандарына отырды. Шал-кемпірдің жайын аңдағасын, жалпақ беті жайыла күлімсіреп, жылы шырай танытты. Кемпір үндемеді, шал да қабақ шытпады. Елеп келіп отырғанына рақымет қайта. Шалдың көзі ақырын-ақырын жылтырай бастады. Бірденеге іші жылып бара жатыр, байқайды. Сәлем беру кішіден, жөн сұрау үлкеннен. Әңгімені шал өзі бастады.

– Қазақсың-ау?!

– Қазақпын!..

– Түрің айтып тұр...

– Қазір пойыз келіп қалады, ата.

– Елге кетіп барасың-ау?

– Иә, сіздің дауысыңызды естіп бұрылдым.

– Қай жерге дейін барасың?

– Сіз айтып отырған жерге дейін.

– Сарыөзекке ме?

– Бұйырса.

– Не дейт?!

– Сарыөзекке барамын, ата.

– Әй, кемпір, жабыс мынаған!..

Шал қуанғаны сонша, басы бұлғалақтап, быдықтады да қалды. Еріндері жыбырлап, ет-жақын туыстарының атын атап та жіберді. «Құндызбай, Әлхан, Мамытбек, Күлғайша», – деді. Құндызбай мен Әлханның бірі аға, бірі іні. Мамытбек деп жатқаны нағашысы. Күлғайша шеше орнына шеше болған үлкен әкелері. Нағашысы жоқ та шығар қазір. Ойында тұрған тағы бір адамның атын атамады. Оны өзінің іші ғана біледі. Бар-жоғы он-ақ күн отасқан Жанайша ол. Қайын атасы колхоз белсендісі еді. Бәле-жаласы қара күйедей жұға кететін «халық жауының» үйіне қызын қайдан тұрақтатсын. Есімін ауызға алуға батпағаны да содан.

Кемпірі мұның не ойлағанын сезгендей, бүйірінен қаттырақ нұқып жіберді.

– Мына балаға жөніңді айтпаймысың.

Шал жақтырмай, қабағын түйді.

– Есіме түсіріп алайын, тоқташы.

Шал шынымен де сөзін жұптай алмай жатқан. Езуін әлі жимаған жолаушыдан ақыл алды. Жүзі жылы,

момындау көрінеді, аманатын орындаудан қашпас. Ақысына жолпұлын ақтап береді. Екі-үш ауыз сөз арқалап апаратын жүк емес. Бірақ, сонда не айтарын, не деп сәлем жолдарын өзі де білмей жатқан жоқ па. Алдынала ойға түйгенін тауыққа шашқан тарыдай пышыратып алды. Іздеген адамы аяқ астынан жолыққанға есі шығып кетті. Бірдем үнсіз қалып, көңілі орныққасын барып қана тіл қатты.

– Балам, менің ел-жұртым сол жақта. Аты-жөнімді айтсаң біреу болмаса біреу білуге тиіс. Бұрын хабарласуға жағдай болмады. Кейінірек көршіміздің баласына хат жаздыртып ем, жауап келмеді. Жұрт жаңарып, үй ауысса да, ел аумаған шығар.

– Е, мұныңыз қиындау шаруа екен, ата. Адрессіз табуға да болар. Тек оған уақыт кетеді.

– Уақыт деген не тәйірі. Қырықжыл қоларбаға таңылып мен де жатырмын. Қапылып қайда асығасыңдар, түге. Көңілі шапса, сендей дені-қарны сау, қол-аяғы балғадай жігіт бәріне үлгереді. Меселімді қайтарма, балам.

– Жұмыс қой енді. Өкіметтің жұмысымен жүрміз. Сағатымызға дейін санаулы. Ешқайда бас бұрғызбайды.

– Қап!.. Қап-әй, ә!.. Түсі игіден түңілме деп... Қой, кемпір, болмады бұл. Менің арбамды пойыздың артына жалғап жібермесең, басқа амал қалмады. Құрығанда Сарыөзекке сүйегім жетсін.

Шал қатты қапаланып, көңілі тез суынды. Жолаушы оған селт етпей, ыржиып отыра берді. Көзін сығырайта сағатына үңіліп, пойыз келетін жаққа мойнын соза қарап қойды. Оның осы қимылынан үміттенгендей, шал тағы емексіген. Кемпір алдын орап кетті.

– Сарыөзекке дейінгі билеттің құны қанша?

Жолаушы ойланғандай, иегін қасыды.

– Біраз жер ғой. Қай-да-а...

Кемпір құнжыңдап, ішкі қалтасына қол жүгіртті. Сырты тілім-тілім болған ескі әмианынан төрт бүктелген қағаз бен ортан белінен буылған бір қат ақша алды.

– Мә, балам. Мына ақшаны жолыңа жұмса. Ана қағазда біз білетін бұрынғы адрес жазылған. Сонымен тауып барарсың. Алдымен Құдайға, сосын өзіңе сендік. Өмір бойғы жинағанымнан кертіп беріп отырмын. Әйтпесе танымайтын адамға құрдан-құр ақша үлестіретіндей жағдайым жоқ. Осы шалдың бір қуанғанынан садаға. Тілегіміз саған аманат!

Шал кемпірінің сөзін бөліп, талпынып басын көтеруге әрекет жасады. Стансаға қарай жылдам жақындап келе жатқан жарықты жолаушы да көрді. Кемпірден қақшып алған ақшаны қойын қалтасына жытыра салып, жолға жиналғандай үсті-басын қаққыштап, орнынан тұра бастады. Жер танабын қуырып, жүйткіген пойыз стансаға маңдай тірегенде, кемпірдің көзін ала беріп, жылыстай жөнелді.

Түнгі пойыздың бұл стансаға тоқтамайтыны шалдың есіне сол кезде ғана сарт ете қалған. Манағының тақырға отырғызып кеткенін кемпірі де сезді. Аттандап айқайға басқан оның дауысын ешкім естіген жоқ. Жүрдек пойыз соңғы үмітін кескендей, жандарынан сыңғытып өте шықты.

Солқылдап жылағандай болды. Сыңқылдап күлген сияқтанды. Ояна келгенде осы үнді құлағы шалған. Жанын қоярға жер таппағандай тыпыршып, басын айқаса жатқан екі тұтқынның арасына тықпалады. Содан-ақ маза кетіп, көз іліндіре алмай қойды. Қапырық бөлмеде ауа жетпей, демі бітіп, ал кеп ауақшысын. Сүйретіліп сыртқа шыққанда ғана тынысы кеңіді.

Құрған қар, сылқым күліп, тағы сүйкенді. Манағыдай емес, бойы жылы. Денесі тығыншықтай, қол батпастай қап-қатты. Уыз иісі аңқып, танауын қытықтады. Әрі мұның өлімімен ойнап тұрғандай, қорланып та қалды. Бірақ, емексіген көңілін қытықтаған бірдеме бар. Өкшесін көтеріп, құлағына сыбырламақ болған келіншекке еріксіз еңкейді.

– Сені сатып алсам қайтеді?

– Сатып алатын мен саған өгізбін бе, не?

– Ақымақ, сенің құның қазір шібіштен арзан.

– Сөзінің сиқын...

– Құдай ақына, шын айтам. Түнде мыналардың арттарынан құпия тапсырма келді.

– Ол не тапсырма?

– Араларында лагерде бүлік тудырмақшы біреулер бар көрінеді.

– Сонда не істемек?

– Ұйымдасып қашты деп, көздеріңді осы арада құртпақшы.

– Жала ғой. Бізді ешкім ештеңеге үгіттеп келе жатқан жоқ. Заң бойынша біз айдауға кетіп бара жатырмыз.

– Заңның қандай екенін білмегеніңе шығарсың. Алып қалсам, қашып кетпеймісің, соны айт одан да.

– Басың бәлеге қалмай ма?

– Менде жоғалтатын ештеңе жоқ.

– Сонда мені не үшін алып қалғың кеп тұр?

– Ұнап қалдың да!

Үй иесі келіншек сыңқ етіп күлді де, мұның жауабын тоспай бұрылып кетті. Келесі сәтте бұл оны есік көзінде етігін майлы шүберекпен жалтырата ысқылап жатқан жол бастаушының жанынан көрді. Оның осылай қарай иек қаққанын байқап, екеуінің арасында өзі туралы бірдеңе айтылғанын жүрегі сезген. Жол бастаушы етік майлағанын қоя қойып, оқыс жалт қарағанда, кешелі бері жүзін жасырған адамның тірі аруақтай қуарған қан-сөлсіз бет әлпеті көз алдына тосылды. Адам бейнесіне еніп келіп тұрған ажалымен беттескендей әл-дәрменінен айырылып, арбауға түскендей аяқ-қолы жансызданып, қимылыз қатты да қалды.

Соның арасынша: «Бізді лагерге жеткізбей, осы арада атады екен», – деген күбір-сыбыр көген жағалай жөнелді. Ол бірдене есіне түскендей жалт қарап, тұтқындардың арасынан кешегі көзділірігінің бір көзі шытынаған ақсары жігітті іздеді. Анау да бұған сынап қарап тұрды да, басын изеп кеп жіберді. Мұның қоштасу белгісі екенін сезіп, іші қалтырап кетті.

Естен танғандай сүлей-сопа күйге бір түсті де, іші-бауырын қалтыратқан сол сезімнен қайтып арыла алған жоқ. Тағдырдың жазуына мойынсұнғандай, іштей өлімге дайындала бастады. Арыстай азамат екі иіні салбырап, күрт түсіп кетті. Туған-туыстарының атын

атап, әрқайсысымен жеке-жеке қоштасты. Құндызбай мен Әлиханды аузыға алғанда, бауырларын қимай, жанарына бір тамшы жас іркілді. Жастайынан шеше орнын басқан Күлғайшадай алтын әпкесінің есімін атағанда, іші-бауыры езіліп, егіліп жылап жібере жаздады. Ер мінезді нағашысы Мамытбекті ойға алғанда барып қана жасын жұтып, буынын қатайтты. Одан кейінгі қоштасу сөздерін он күн отасқан жары, жұбайы Жанайшаға арнады.

– Қош, Жанайша! Бағыңды байласам айып менен, – деді. – Асқар таудай әкең бар. Ешкімнің талауына бермес. Басың жас қой. Теңіңді де табарсың, – деді. – Тек бір адамнан сақ жүр. Мені тергенен Байтілес сен барғанда көз сұғын қадағандай болып еді. Ол бізге бөтен. Ақ дастарқанымын ас ішпегендей, тергеуде бойын аулақ ұстады. Жазықсыздан-жазықсыз өлімге айдатты, міне. Жау да бүйтіп қапыда қастық қылмас. Қасындағы жандайшабына да төрімнен талай орын босатып ем. Менің айтқанымды тыңдамай, жалақорға сенді ақыры. Бетіме қайнақ су шашты. Тырнағымның астына ине жүгіртті. Ондай тозақты көргеннен өлген артық. Өзім де соған белімді бекем будым. Түк те қайғырып тұрған жоқ. Сені жау қолына тастап бара жатқандай өкінішті сезім ғана бар. Бағың ашылсын, жаным!.. Қош!..

Қош!.. Жанайша!..

Осы айтқанын ол үкім орындар сәтте де қайталады. Өзіне қосақталған жирен мұрттының да қолын кеудесіне қойып, әлдене деп күбірлегенін құлағы шалды. Көгенқосақтың бойынан біреудің тұтқындарға арнап үн қатқанын, тағы біреуінің солқылдап жылағанын, есік тырнаған аш мысықтай ішін тартып өкісінген естіп, көңілі босады. Жанары жасаурап тұрып, қарсы беттен самсап көтерілген мылтық ұңғыларына жалтылдап шағылысқан күн сәулесін көргенде, алғаш соншалықты мән де бермеген. Кенет, әлдене есіне түскендей селт етіп, мылтық ұшына анықтап қайта қарады. Жүрегі кеудесін ұрғылап, атқақтай соғып, аузына тығылды. Бұлт арасынан себездеген күн сәулесінің жылуын сезінгендей, тұлабойы шымырлап кетті. Шынымен де осы мезетте үкім орындар жерге жап-жарық нұр саумалдап төгіле қалған. Өлім жазасына кесілгендерге табиғат-ананың көрсеткен ақтық шапағаты, ізгілік нұры еді бұл. Іле жай тұскендей шатырлап, әлгі әдемі әсердің тас-талқаны шықты да, көз алдында мың-сан қызыл теңбіл ойнады. «Қош... Қош, Жанайша!» деуге ғана тілі келді. «Қош-қош, жарық дүние...»

* * *

Иә-ә, бұл жарық дүниемен сөйтіп қоштасқан. Үш күннен соң екі аяқтың орнында тізесі, екі қолдың орнында шынтағы шолтаңдап, кеспелтек томардай домаланып, өмірге қайта оралды. Жарасын шөппен емдеп, жас балаша мәпелеп бағып-қаққан әйелге сол кезде: «Құтқарғаның ба, қорлағаның ба?» – деп ренжігені есінде. «Арыстай азаматты ажалға қайтіп қиям?» – деп ол байғұс сықсындап жылаған сонда. Бертініректе: «Шыныңды айтшы осы, мен неге керек болдым?» – деді өзінің тірі қалғанын міндетсінгендей, бір жағы әзілге сүйеп, «Сопапын қашанғы жалғыз отырайын», – деп құтылды ол. Осы сауалын стансадан Сарыөзекке баратын адам таппай, бар ақшасын жөлікке тонатып қайтқанда, қоларбасында жұлдыз санап келе жатып және көлденең тартты. Шалына жауап беруге тоқтап, демін басқан кемпір жаулығының ұшымен жіпсіген маңдайын сүртіп отырып, аяқ асты қутындап күлмеп қақты.

– Қайтесің қинай беріп. Еркегі жоқ үйдің ермегі қані?.. Қағының тұрған кезіміз ғой, құрсын. Сен шал, жазғырма мені. Тірліктің мың қызығынан қағылсаң да, бір қызығынан құр етпедім.

– Е-е, бәрі өзін үшін екен де, жазған.

Шал біртүрлі көңілі жасып, қоңырайып қалды. Кемпірі кінәлі адамдай қипақтап, тұқшындап тұқыра берді. Шалының алды-артын қымтап жауып, жастығын ондағанда да жүзіне тіктеп қарай алмады. Тек сәлден кейін арадағы ыңғайсыз әңгімені жуып-шайғандай жорта кейіген болып, шалына дауысын қатайта жекіп тастады.

– Қайдағы-жайдағыны еске салмай, жайыңа жатшы.

Ол ит сені маған ақшаға сатқан. Басы бүтін еркекке саудаласқан мен. Аяқ-қолыңнан айырса, қашып кетпесің дегені шығар. Ана көрші кемпірдің сен құсаған біреуді самоданға айырбастап алып, үш айдан соң азабына шығамын сайға домалатып жібергенін білесің. Бір шұқырға итере салсам, сұрауың жоқ еді сенің де. Өмір бойы асыраған азабымды айтсаңшы. Қартайып өлер шағында туыстарын іздей қалты енді. Келсін де алып кетсін керек қылса. Менің немен кетеді оған?!

Кемпір бара-бара шындайын деді. Оның мына сөзін естіген шалды да ашу қысты. Таяқты көп жеген баладай шақарланып, үлкен ала көзі адырайып шыға келді. Үндемегенге төске өрлеп бара ма, қайтеді?! Сенің де жайың белгілі. Жақсылығыңды міндет етпей-ақ қой. Ақыл-есім түзуде жансауға сұраған емеспін. Дені дұрыс бір еркек тапсаң, сен де менің көзімді құрта салатын едің. Менің бағыма, сенің сорыңа, ондай еркек бұл жаққа аяқ баспады. Осыған дейін мың өліп, мың тірілдім мен. Сол ма маған жасаған жақсылығың?! Сандалмай, жоғал!

Қоларбаны жұлқи тартып, ілгері қозғалған кемпір де әліне қарамай тасырайған шалына қыр көрсеткендей қазандай жөнелді. Мұның көкейіндегі қыжылын айтқызбай-ақ ұққан, не деп тілдейтінін де біледі. Ести-ести әбден құлағын сарсылған боқтық бәрі. Бір есептен жан күйзелісін түсінуге де болар. Қырық жыл қоларбаға таңылып жату оңай деймісің. Соған төзген неткен қайсарлық бұл, ә?! Жаны темірден жаралған шығар тегі. Қап, манағы иттің алдап кеткенін қарашы. Сорлы шал бір қуанып қалатын еді. Қап!..

Кемпірінің табан астында жуасып қалғанын байқап, шалдың да ашуы сабасына түсті. Әрі-беріден соң арба алдында томпаңдаған бейбақты аяп, жаны ашып мүсіркей қарады. Сол күйі қоларба тал бесіктей тербетіп, жол бойы қалай қалғып кеткенін өзі де аңдаған жоқ. Әйтеуір, өң мен түстің арасыңда: «Сарыөзекке баратын кім бар?.. Сарыөзекке баратын кім бар?» – деп сандырақтай берді.

Жүсіпбек ҚОРҒАСБЕК

АҚИҚАТТЫ ТУ ЕТКЕН АКАДЕМИК



Әр адамның өз өмір өнегесі бар. Ол - сол адамның ұстанымындағы тереңдігі, тұлғалық болмысы, халқына сіңіріп жатқан еңбегі, арқалаған аманатымен өлшенеді. Ондай азаматтың өмірі соқтықпалы болғанымен, өзіндік биігі бар ерекше ғұмыр іспетті. Осы өмір керуенінде өзіндік ізімен танылған азаматтардың бірі – Айбын Әдепханұлы Төреханов. Бүгінде ол – 55 жасқа толып отыр.

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады», - деген екен хәкім Абай. Ал, сол ұғымдағы нағыз ғалымның болмысын Айбын Төрехановтан тануға болады. Ол ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор. ҚР ауылшаруашылығы ғылымдары Академиясының академигі, Ресей ауылшаруашылығы ғылымдары Академиясының құрметті докторы, төрт жүз қырықтан астам ғылыми еңбектің, аграрлық саладағы жоғарғы оқу орындарына арналған алты оқулықтың, мал шаруашылығы мен мал азығын өндіруді жүйелеп жеткізетін алты анықтамалық кітаптың авторы. Қырықтан астам ғылыми-әдістемелік нұсқауы тағы бар. Осы ғылыми еңбектеріне қарап-ақ, Айбын Төрехановты қазақтың көнекөз қариялары: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда ғана боларсың елге нұсқа», - деп аузынан тастамайтын аталы сөзді ту етіп жүрген азамат деуге әбден болады.

Қазақ баласы үшін алтын бесік ауылдың қадірі бөлек. Бүгінгі тәуелсіз қоғамды жаңаша бағытпен құруға атсалысып, елге еңбек сіңіріп жүрген Айбын Әдепханұлы да қарапайым ғана ауылдан түлеп ұшқан. Ғылымдағы өзіндік қолтаңбасын ауылмен байланыстыра өрбітуі де сондықтан шығар. Туған жердің топырағынан нәр алған академик ағамыз кейін үлкен ғылымды меңгеріп, білімнің даңғыл жолына түскенде де өзінің ұлттық тамырынан бір елі ажырамады. Мектептен соң Мәскеу мал дәрігерлік академиясында, кейін Жетісу экономикалық институтында тәлім терді. Бүкілодақтық мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасын ойдағыдай аяқтады. Мал шаруашылығы ғылымын кешенді әрі жүйелі түрде зерттеу негіздерін қалыптастыруда ерен еңбек сіңірген Айбын Әдепханұлы еліміздегі осы саланы дамыту барысын қамтитын ұтымды ұсыныстар мен тиімді жобалар жасап жүрген ғалым. Ғалымның бұл ізденісі бүгінгі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасындағы тұжырымдармен үндес. Реті келгенде айта кетейік, Айбын Төреханов Қазақстандағы ең бағытындағы жаңа «Етті меринос» биязы жүнді қой тұқымының авторларының бірі. «Ақырыс» сүтті қоңыр сиыр мен «Ертіс» сүтті қызыл ала сиырдың қазақы сүлесін шығарған ғалымдардың бірі де осы Айбын ағамыз. Бұған ет бағытындағы Әулікөл сиырының екі зауыттық аталық іздері мен Мұғалжар жылқысы Қожамберді тұқымының авторлығын қосыңыз.

Терең ғылымды игеріп, нағыз ғалым болу кез келгеннің қолынан келе беретін оңай іс емес. Ол үшін өмір бойы оқып, ізденіс жолына түсіп, жаңалыққа құмар болу қажет. Ғылым жолында өзгенде үйренгеніңіз зердене тоқып, кейінгіге тәлім ету салауатты іс. Ал, Айбын Төреханов болса бар ғұмырын осы ғылымға арнап, адамзат өркениетінің ілгерлеуіне атсалысып-ақ жүр.

Әбу Насыр әл Фарабидың: «Ғылым адам санасына болмысы бөлек, ерекше ұтқырлы ұғымдарды орнықтыру арқылы ғана терең ұялайды. Ғылыммен айналысам деген адамның ақыл-ойы – айқын, ерік-жігері – зор, тілек-мақсаты – ақиқат пен аддалдық қызмет етуге талап жолында болуы тиіс», - деген қағидасы ғылым адамына басты талаптардың бірі десек, сол талапқа толық жауап бере алатын озық ойлы ғалымдар санатында Айбын Төрехановтың да есімі аталатыны сөзсіз. Ол шын мәнінде «инмен құдық қазған», таным көкжиегі кең, өрісті ғалым. Алайда, өзгеге сөзін өтінбей өткізе алатын оны өрден төмен итерушілер көп. Маған қалам алғызған да осы мәселе. Біз Айбын Төрехановпен 1999-ыншы жылдардан танысып. 2009-шы жылдан бастап бір салада, яғни, мал шаруашылығында бірлесіп еңбек ете жүріп анық ұққанымыз - оның ауыл экономикасына біржақты қарамайтындығы. Маңызды саналатын мал шаруашылығын барынша зерделі санамен бағамдай білу керектігін қадап айтатын ғалым, қазіргі күні бұл саланы ғылыммен үйлестіргенде ғана мол табысқа жетуге

болатындығын сөзімен де, ісімен де әлдеқашан дәлелдеп қойған. Осы орайда Айбын Әдепханұлы бүгінгі заманның озық ғылымын қалаларда ғана шоғырландырмай, алыс ауылдарға да жеткізу кезек күттірмес мәселе екенін үнемі айтып жүр. Аграрлы экономиканың қайнар бастауы ауылда деп білетін академик қазіргі инновациялық жетістіктердің қарапайым шаруаға да қолжетімді болуын қалайды. Бірақ, оған құлақ асып жатқан ауылшаруашылығы министрлігі бар ма?

Айбын Төреханов 1997-шы жылы Астанаға алғаш көшіп келген ғалымдардың алдыңғы шебінде болды. Бұған дейін Талдықорған ауылшаруашылығы ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары, Алматы облысы, Талдықорған ауданы әкімінің орынбасары қызметтерін атқарған ол 1999-2001-ші жылдары Ауылшаруашылығы министрлігі стратегия және мемлекеттік реттеу Департаменті директорының орынбасарлығына тағайындалады. Осы жылдары Қазақстанда қабылданған «Асыл тұқымды мал туралы» Заңның жүйелі жүруіне атсалысқандардың бірі - осы Айбын Әдепханұлы. Кеңес дәуірінен келе жатқан мемлекеттік асыл тұқымды малшаруашылығы станцияларының бәсекеге қабылетсіздігін анық аңғара білген ол алдымен етті-сүтті мүйізді ірі қараның тұқымын жақсартуды қолға алды. Тұқымды түрлендірудің тиімділігін тани білген Айбын Төрехановтың бірінші кезектегі жұмысы осы қараусыз қалған станцияларды біріктіру еді. Оны жасады. «Асыл түлік» акционерлік қоғамын құрғаннан кейін шетелдерден заманауи технология тартты. 2001-ші жылға дейін Қазақстанда ұрықты заманауи стандарттарға сәйкес қатыру технологиясы болған жоқ. Айбын Әдепханұлы Еуропаның дамыған елдерін аралай жүріп Франциялық «IMV technologies» компаниясымен қарым-қатынас орнатты. Соның арқасында ТМД елдері бойынша ұрықты қатырудың жаңа технологиясын Қазақстанға бірінші болып алып келді. Бұл үлкен еңбек және жағымды жаңалық болатын. Төреханов онымен тоқтаған жоқ. Бірден мамандар даярлап, зертханалар сала бастады. Ол жұмыс өз нәтижесін берді. Көптеген шаруашылықтар осы «Асыл түлік» арқылы қорасындағы қарамалын әлі де асылдандырып жатыр. Қазіргі күні қанат жайған «Асыл түлік» еліміздің 14 аймағын асыл тұқымды бұқаның ұрығымен қамтамасыз етіп келеді.

Жаңалыққа құштар Айбын Әдепханұлы мал шаруашылығындағы әртараптандыру жұмыстарын да жақсы жолға қойды. Бұқадан тек ұрық алумен шектелмей, эмбриондарды трансплантациялауды бірінші болып бастады. Яғни, текізі малдан текті төл алудың мерзімін қысқарту әдістерін Қазақстанға әкелді. Дәлірек айтсақ, денсаулық сақтау саласындағы «ЭКО» технологиясы дамымай тұрып, осындай жаңа жолды мал шаруашылығына енгізді. Осы арқылы малын қысқа мерзім ішінде асылдандырамын дегендерге жақсы және арзан мүмкіндік туды. Мысалы, шетелден әкелінетін асыл тұқымды малдың құны 5-6 мың АҚШ доллары болса, эмбрион қондыру арқылы сол тұқымды 20-30 есе аз шығынмен алуға жағдай жасады. Енді санай беріңіз, қайсысы ұтымды? Шетелден әкелетін малдың бағасын айтпағанда, оны жеткізу, арнайы күтім жасау..., санасаң қыруар қаржы. Ал, эмбрион керісінше көп қаражатты талап етпейді. Бұл жұмыстың жүріп кетуі үшін де арнайы жылжымалы зертханалар әкелініп, шетелден донор анықтар тартылды. Мал жатырындағы ауруларды анықтайтын шетелдік диагностика құралдарын алғашқы болып әкелген де осы Айбын ағамыз. Алайда, бұл іске, мүмкін іштарлықтан болар... тіксіне қарайтындар көп болды. Өйткені, шетелден мал тасыған тиімді деңгейде бұл технология «ақша жасауға» бөгет еді.

Статистикалық деректерге жүгінсек, 2000-шы жылдары Қазақстандағы қарамалдың аналық саны екі миллион 200 мың бас болатын. Ал, қазір екі миллион 800 мың бастың көлемінде. Қарап отырсақ, 15 жыл ішінде Зеңгір баба түлігі 600 мың басқа ғана көбейген. Яғни, жылына бір пайыз қарқынмен ғана өскен (Шетелде бұл көрсеткіш кемінде 8-10 пайыз). Шаруашылықтың осылай баяу дамуына не себеп? Бұл әрине, жоғарыда айтылған жұмыстардың қолға алынбауының салдары. Айбын Әдепханұлы бастаған жаңа жобалар осы проблемаларды шешуге бағытталған еді. Бірақ, оны түсінгендер аз. Қолдан ұрықтандыру арқылы бір жыныстық төл алуды, яғни ұрғашы бұзауды көбірек тудыру тәсілін де елімізге

алып келген Айбын Әдепханұлы. Бұл шетелдерде жақсы жолға қойылғанын түсінген ғалым ағамыз Қазақстанда да осы технологияның кеңінен тарауына мұрындық болды.

Сүттің сапасын тереңнен зерттейтін зертханалардың Қазақстанда пайда болуы да Айбын Төрехановтың еңбегі. Швециядағы «Foss» компаниясының зертханаларын елге алып келіп «Родина» агрофирмасында тәжірибеден өткізді. Сөйтіп, мал селекциясына сиырлардың сүттілігі және сүтінің сапасы бойынша жаңа параметрлер енгізді. Онымен қоймай сүттің табиғи жолмен алынғандығын анықтайтын әдістеме жасап шығарды. Бұл шетелден сүт ұнтағын әкеліп, оны сумен араластырып тұтынушыларға «табиғи сүт» деп ұсынып жүрген алаяқтарды қатты күйзеліске ұшыратты.

Мал селекциясы және мал азықтандыру мәселесі бойынша алты анықтамалық кітап жазған Айбын Әдепханұлы асыл тұқымды малдың селекциясына сіңірген еңбегі орасан. Еліміздегі шаруалардың «асылдары» әлемдік стандарттарға сай болуы үшін индекс негізінде бағалау жүйесін енгізді. Сан жылдар бойы құпия болып келген осы әдістеменің қыр-сыры енді ашық кітапқа айналды. Қазақ үшін ескі стандарттардан кетіп, жаңа әлемдік үдеріске сай мал сұрыптау мүмкіндігі пайда болды. Дене бітімі (экстерьері), шаруашылық пайдалану мерзімі, денсаулық индексі /сүт құрамындағы соматикалық жасушалар деңгейі/...осындай ұғымдарды енгізген де Айбын ағамыз.

Асыл тұқымды деген статустың шаруашылықтарға емес, дербес малға берілуін дұрыс деп білген Айбын Әдепханұлы жаңа бастамалардың діңгегі болып есептелетін Ақпаратты талдау жүйесін жасап шығарды. Сол жүйе бұғанасы қатпай-ақ әлемді өзіне қаратқан еді. Себебі селекция жұмысындағы жаңа ұғымдар ақпаратты жүйемен ұштасып, малды тіркеу, оның асыл тұқымды деген статусының адами факторсыз алынуына жол ашылды. ТМД елдерінің өзі мұндай форматқа қазір ғана көшіп жатыр. Біз болсақ оны сонау 2010 жылдары-ақ жасап тастаған едік. Қазіргі таңда бұл ақпараттық жүйемен бүкіл Қазақстан жұмыс істейді. Әкімдіктер субсидия тарату жұмысын осы ақпараттық жүйе негізінде ұйымдастырып жүргенінің өзі сол жүйенің қаншалықты маңызды және «таза» болғандығын айғағы емес пе...!

Айтпақшы 2016-ші жылы Қазақстан Ресейге 60 мың тонна ет экспорттаймыз дегенде қарсы болған ғалымдардың бірі де осы Айбын Төреханов еді. Шетелден мал сатып алғанша, өзіміздегі малды асылдандырып, бағдарламаның жүзеге асуына атсалысайық дегенде, оған құлақ асқан шенеуніктер болды ма? Ұлардай шулап жүріп 2016-шы жылы Ресейге 7 мыңға жуық тонна етті ерең экспорттады емес пе? Айбын Әдепханұлы сияқты білікті ғалымдардың ұстанымын ұқпайтын ауыл шаруашылығындағы білгіштер әлі күнге дейін жіберген қателіктерін түзеуге асығар емес. Айбын Төреханов ұлағатты ұлан міндетін дер кезінде ұға білетін жан. Өмірдің асау ағынымен бағытсыз ыға бермейтін ол талмай іздену арқылы ғылымдағы өзіне тән арнаы тапты. Ел мүддесі үшін еңбек көрігін қыздырып, болашақты бақанын көтерген аптал азамат біз үшін қашанда үлгі-өнеге. Ел жүгін арқалау, елдіктің сөзін сөйлеу екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс. Ерге сын шаруа. Сол сыннан сүрінбей, тәрбиені тектіліктен алған Айбын ағамыздың ары таза. Ойлағаны көп, «әттең-айы» сол, оны керек етіп жатқан ауылшаруашылығы жоқ. Әрбір адамның өмір сапар, тіршілік керуенінде айтаңбалы ізі бар. Сол арқылы ыстық ықыласқа бөленетін адамдар болады. Түп төркінінде өзара үндесіп кеткен азаматтық ар-ожданның, пайым-парасаттың адами аңсар-мұраттарының арнаулы арқаулары жатпай ма?! Біз үшін сондай жанның бірі хәм бірегейі-Айбын ағамыз, яғни Айбын Төреханов!

Қазақстан аграрлы мемлекет. Бізге дамудың жоғары деңгейіндегі елдер қатарынан көріну үшін «велосипед ойлап табу» керек емес. «Алтын, күміс – тас екен, арпа, бидай – ас екен», - демекші, бізге бабаларымыздан мұраға қалған мал шаруашылығын, дархан даламыздың өзіндік ерекшелігіне бейімделген мал азығы өндірісі шаруашылығын Айбын Төреханов сынды білікті мамандардың білімін пайдалана отырып заман талабына сай заманауи технологиямен игерсек жетіп жатыр. Себебі қыруар қаржыға шетелден дайын өнім (сырттан сиыр әкелу) алып келіп «қарық боламын» деу өнбейтін тірлік әрі қып-қызыл шығын екенін өмірдің өзі дәлелдеді!

Ұстаздың ұлылығы тәрбиелеген шәкірттерінің алған ілімін сол қалпы ары қарай тарата білгенімен өлшенеді емес пе?! Айбын Әдепханұлынан алған азаматтық ұстаным, білім мен тәжірибе қазіргі уақытта өз жалғасын табуда. Ол дайындаған шәкірттер мемлекет пен халыққа қызмет етіп жүр. Солардың қатарында Талғат Қарымсақов екеуіміз де бармыз. Асыл тұқымды мал шаруашылығының жөбесіне айналған «Асыл түлік» республикалық орталық пен аталмыш саладағы ғылыми зерттеу институтының тізгінін екеуіміздің қолымызға ұстатып кеткен еді. Ендеше, Жаратушыға зікір мен шүкір, ал Айбын ағамызға алғысымызды білдіріп, осы мақаламыз арқылы қоғамға пікір айтуды жөн деп есептейміз. Өзін ғана емес, өзгені де өріске жетелеп өсіре білген ұлағатты ұстазымыздың туған күні құтты болсын!

Анас БАҚҚОЖАЕВ

«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТИ

Меншік иесі: «БАҚ» ЖҚ

Директор – Дархан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ

Бас редактор – Молот СОЛТАНАЕВ

Бас редактордың орынбасары –

Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ

Дизайнер – Әділет МҰСАХАЕВ

Газеттің эл.пochtасы:

jar-aina@mail.ru

➤ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.

➤ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.

➤ Газет индексі - 65161

➤ Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.

➤ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.

➤ Газет «Алматы-Болашақ» АҚ басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көш, 223 В

Тел/факс: 8 (727) 3784008. Офсеттік басылым.

➤ Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:

Алматы қаласы,

Қабанбай батыр көшесі 147, 22 офис

Алматы облысы, Жаркент қаласы,

Е.Сыпатаев көшесі, 242 үй, 14 пәтер

Тел.: 8/705/412-78-48;

8/705/277-16-91;

8/777/971-57-67

Газет екі аптада бір жарыққа

шығады.

Тапсырыс: №1434

